

АТЫРАУ
UNIVERSITY

Газет 2000 жылдың
сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№1 (115)
Наурыз, 2022 жыл



*Қадірменді Атырау университетінің
ұжымы, әріптестер, студенттер!*

Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған қазақ халқының Жаңа жылы - Наурыз мейрамы құтты болсын!

Наурыз - жыл басы, Ұлыстың ұлы күні. Бұл - табиғаттағы нұрдың молығытын, көңілдің кеңейетін, күн мен түннің, ыстық пен суықтың, қыс пен жаздың, қараңғы мен жарықтың теңелетін, жер арқасы кеңіп, күллі тіршілік әлемі қайта түлейтін таңғажайып кезең. Бұл - «Қызыр түнін» күтіп, алдағы күндерден жақсылық пен құт-береке тілеп, келешекке мол үмітпен қарайтын сенім мерекесі.

Әз-Наурыз мерекесі жақсылықтардың бастауына айналсын. Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік, болашағы жарқын, еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» бейбіт өмір орнасын! Әр отбасында бақыт пен ырыздық, ынтымақ пен бақ-береке салтанат құрсын!

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

Құрметпен, Басқарма Төрағасы-ректор
Саламат Нұрмұханұлы Идрисов



УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ТЫҢДАДЫ

ҚР Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылары мен студенттері тікелей көрсетілім арқылы арнайы тыңдады. Кезекті дәстүрлі Жолдау «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен Жаңғыру жолы» деп аталады.

«ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың бүгінгі Жолдауында Жаңа Қазақстанда демократиялық институттарды дамытудың, азаматтық қоғам құрудың саяси, құқықтық, әлеуметтік қырларына байланысты кешенді ұсыныстар айтылды. Сонымен қатар, осы өзгерістерге

түрткі болған қаңтар оқиғасына қатысты пікір де берілді. Жалпы қоғамдық сананы толғандырып жүрген, бұрыннан көп жыл бойы шешімі табылмай келген сұрақтарға жауап айтылды. Әкімшілік-территориялық өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстың да осындай жұртшылық талабынан туғаны сөзсіз», дейді философия ғылымдарының докторы, Х.Досмұхамедов атындағы университеттің кафедра меңгерушісі Өмірбек Бекежан.

Айта кетейік, Жолдауда елімізде Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарының құрылатыны жөнінде айтылған болатын.

ЛЕС БАЙМҰҚАШЕВ «ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ» АТЫНДАҒЫ АЛТЫН МЕДАЛЬМЕН МАРАПАТТАЛДЫ



Университетіміздің «физика және техникалық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы Лес Баймұқашев 70 жасқа толуына байланысты жоғары оқу орнының тыныс-тіршілігіне қосқан үлесі үшін «Халел Досмұхамедов» атындағы алтын медальмен марапатталды. 1952 жылдың 1 қаңтарында Гурьев облысы, Қызылқоға ауданы, Жамбыл ауылдық округіне қарасты Абай совхозында дүниеге келген мерейтой иесі еңбек жолын 1977-1979 жылдары «Гурьев водострой» облыстық басқармасында аға экономист қызметінен бастап, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі «техникалық реттеу және метрология комитетінің» Атырау облысы бой-

ынша департаменті басшылығына дейін көтеріледі.

Лес Қонысбайұлы қызмет жолында жетістіктерге жетіп қана қоймай, оқытушылықты да қатар атқарумен келеді. Ол 2010-2015 жылдар аралығында Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «физика және техникалық пәндер» кафедрасының «стандарттау, сертификаттау, метрология» мамандығы бойынша практикаға жауапты маман, 2015 жылдың сәуір айынан бастап қазіргі уақытқа дейін осы кафедрада аға оқытушы болып еңбек етіп келеді. Өмір жолы өнеге деуге лайық мерейгерді марапатымен құттықтаймыз!

АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ - СТУДЕНТТЕР СПОРТ ЛИГАСЫ



«Жайық» спорт кешенінде Студенттер спорт лигасы Батыс аймақтық финалдық кездесуінің ашылу салтанатты болып өтті. Айта кетейік, университетімізде батыс аймақтағы жоғары оқу орны студенттерінің басын қосқан мұндай спорт сайысы бірінші рет өтіп отыр. Биылғы додаға еліміздің батыс аймағы бойынша он үшке жуық жоғары оқу орнының студенті қатысып, волейбол, футбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, қазақ күресі түрлері бойынша бақ сынады.

Шарада Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті директорының орынбасары Ержан Әмірбекұлы, министрлік жанындағы ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығының директоры Сағадат Қабырұлы Садықов, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Басқарма төрағасы-ректор Саламат Нұрмұханұлы Идрисов жас спортшыларды құттықтап, сөз сөйледі.

«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР» АПТАЛЫҒЫ ӨТТІ

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде 14-20 наурыз аралығында мерекеге орай «Ұлттық құндылықтар» апталығы өтті. Шараны гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті ұлттық өнерді көрсетуден бастап, инновациялық білім беру факультеті ұлттық ойындардан тимбилдинг, экономика және құқық факультеті ұлттық тағамдар, жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар

факультеті ұлттық киімдер көрсетілімі, физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті салт-дәстүрімізді насихаттау, көптілді білім беру факультеті ұлттық бұйымдар мен аспаптарда ойнап, зергерлік әшекей бұйымдарды таныстыру арқылы жалғастырып кетті.

Апталық бойына оқытушылар мен студенттер қазақтың ұлттың киімін киіп жүрді.



«БІЗ ЖАНБАСАҚ»: ХАС ӨНЕРДІҢ ЖАС САҢЛАҚТАРЫ ЖИНАЛДЫ



Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде өткен «Біз жанбасақ» атты республикалық студенттер айтысы қорытындыланды. Ол Зейнолла Қабдоловтың туғанына 95 жыл толуына орай алғаш рет өткізіліп отыр. Айтыста еліміздің барлық өңірінен келген сегіз жұл өзара бақ сынасты. Ақындар Зейнолла Қабдоловтың «Әдебиет - ардың ісі» деген сөзін негізге ала отырып жырға арқау етті. Табан астында тауып айтып, сөз өнерінің інжу-маржанын ұтымды жеткізе білген ақындар өнеріне «Мәдениет саласының үздігі» Саадат Нұрманов, елімізге танымал айтыскер ақын Дидар Қамиев, айтыскер ақын, журналист Серікбол Панаберді,

Республикалық, Халықаралық ақындар айтысының бірнеше мәрте жеңімпазы Шалқарбай Избасаров, айтыскер ақын Өнербек Дәуленов қазылық етті. Айтыс қорытындысы бойынша бас жүлдені Қазақ Ұлттық Өнер университетінің студенті Батыржан Кәдірбай, қалған жүлделі орындарды ретіне қарай Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясынан Райымбек Өтепов, Қарағанды техникалық университетінен Бекарыс Оспанов, Астана медицина университетінен Сағыныш Смет, Батыс Қазақстан инновациялық - техникалық университетінен Бимырза Әбілхайыр иеленіп, басқа да қатысушылар арнайы жүлделермен марапатталды.



ЖОҒАРЫ МЕКТЕП БАСШЫЛАРЫ



Барлық саналы ғұмырын ұрпақтарға білім беру мен ұстаздар даярлаумен өткен Ғапуллола Ғапуллолаұлы Даиров 1932 жылдың 15 сәуірі күні Атырау облысы, Исатай ауданы Манаш ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келді. Архив қорындағы өз қолымен толтырған автобиографиясында 1938-1939 оқу жылында Манаш ауылындағы А.А.Андреев атындағы мектептің 1-ші сыныбының табалдырығын аттағанын, ал 1948-49 оқу жылында қаладағы Жамбыл атындағы орта мектепті аяқтағанын жазады (Атырау облыстық мемлекеттік архиві АОМА, 13-қор, 21-тізім, 4639 - іс, 4 п.). Он жылдықты аяқтаған жас Новобогат ауданындағы К.Маркс атындағы мектепте аға пионер вожатый, В.И.Ленин атындағы мектепте V-VII сыныптарға физика және математика пәнінен сабақ берді. Соғыстан кейінгі ауыр жылдарда Қазақстанның қиян шетіндегі Новобогат (Исатай) ауданынан білімге құштар жас асқақ арманмен 1951 жылы республика астанасы Алматыдағы Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтының физика-математика факультетінің студенті атанды. 1955 жылы аталған институтты математика мұғалімі мамандығы бойынша аяқтаған соң жолдамамен Гурьев педагогика институтына қызметке жіберілді. Институтты бітірген жас маман ұстаздық еңбек жолын оқытушы маман кадрларға мұқтаж, соғыстан кейінгі жылдары жағдайлары өте ауыр сол кездегі Гурьев мұғалімдер институтынан бастады. Сол кезеңде институтта орыс тілі мен әдебиеті және физика-математика сияқты екі-ақ факультет болатын. Ол 1955-1958 жылдары институттың «Физика» кафедрасының ассистенті қызметін атқарды, кейін «Математика» кафедрасының аға оқытушысы болып болашақ мамандарға дәріс берді. Білікті де білімді маманды институт басшылығы 1958 жылы «Физика-математика» факультетінің деканы лауазымына тағайындады. Бұл қызметті 1961 жылға дейін атқарды. Институтта 60-жылдардың бас кезінен бастап, аспирантураға оқытушыларды жіберу, өз бетімен іздену, тағылымдама сияқты ғылыми жұмыспен шұғылданудың түрлері кең өріс алды. Осыған орай 1961-1964 жылдары өзі жоғары білім алған Абай атындағы Қазақтың педагогикалық институтының аспирантурасында оқыды. Көп жылғы ғылыми ізденістердің нәтижесінде 1965 жылдың 15 қаңтар күні кандидаттық диссертациясын сәтті қорғайды, ал ғылыми жұмысы сол жылдың 22 қыркүйегінде бекітіліп, Москва қаласында МФМ № 004419 физика-математика ғылымдарының кандидаты дипломын алады. Институт басшылығы қолынан іс келетін, ұжыммен тіл табысып, жұмыс жасай білетін, жан-жақты білімді маманды лауазымды қызметке тағайындады. Ол 1964 жылдың қараша айынан 1970 жылдың қаңтарына дейін физика-математика факультетінің деканы болды. Ал 1967 жылы «Жоғары математика» кафедрасының доценті қызметін атқарды. Институт ректоры С.Дүймағамбетованың қалалық партия комитетіне берген міндемесінде: «... Ғ.Даиров жолдас өзіне сеніп тапсырылған декандық қызметін атқара білді. Кандидаттық диссертациясын сәтті қорғаған маман. Оқу үрдісін жақсы біледі. В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай «Қажырлы еңбегі» үшін медалмен, Қазақ КСР Жоғары мектеп және ғылым қызметкерлерінің республикалық кәсіподағының Құрмет грамотасымен марапатталған. Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының партия ұйымының хатшысы. Ғ.Даировты институттың оқу ісі жөніндегі проректоры лауазымына бекітуді сұрайды» - дейді. 1970 жылдың 4 қыркүйегінде қалалық партия комитетінің хатшысы Е.Тасқынбаевтың облыстық партия комитетіне берген ұсынысында «ж. Диаров дәрістерін жоғары оқу орындарының талаптарына сай оқыды. Ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жүргізіп, институттың қоғамдық жұмыстарына белсене араласады. Гурьев қалалық партия комитеті ж. Диаровты Гурьев педагогикалық институтының оқу ісі жөніндегі проректоры лауазымына бекітуді сұрайды», - деп жазды. Бұл қызметті 1972 жылдың қаңтарына дейін абыроймен атқарды. 1974 жылдың 23 қаңтарында Гурьев қалалық партия комитетінің бюросының шешімімен Ғ.Даиров Гурьев педагогика институтының ректоры болып тағайындалып, аталған шешімге қалалық партия комитетінің хатшысы Е.Тасқынбаев қол қойған (АТОМА, 13-қор, 2 л-тізім, 4639-іс). 1976 жылы құрылысы 60-жылдарда басталған институттың Пушкин көпесіндегі (қазіргі Студенттер даңғылы) оқу ғимараты іске қосылуына да сүбелі үлес қосты. Ғимараттың іске қосылуы институт тарихында ерекше күн болды. Себебі ұзақ жылдар бойы институт ескі ғимараттан орналасқан болатын. Сол бір қуанышты сәтті бейнелейтін фото-сурет бүгінгі күні университет музейінде ілүлі тұр. Жаңа ғимараттың іске қосылуы оқу үрдісіне тың серпін берді. Бұл жылдары институттың қалыптасып, дамуы одан әрі жалғасты. Гурьев педагогика институты республикамыздағы мұғалім кадрларын кәсіби-педагогикалық даярлауда алдыңғы шептегі оқу орындарының біріне айналды.

1976 жылдың 16 қыркүйек күні физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Ғапуллола Даиров Оқу министрі Қ.Балахметовтың 0602 бұйрығымен ректорлық лауазымынан босатылды. Жаңа ректор болып, оқу ісі жөніндегі проректор, биология ғылымдарының кандидаты, доцент Е.Б.Сахипов тағайындалды. Кейінгі 1976-1986 жылдар аралығында «Математикалық талдау» кафедрасының меңгерушісі, 1986-1993 жылдары «Физика-математика» факультетінің деканы қызметтерінде болды. Ұлағатты ұстаз-ғалымға 1993 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары аттестациялық комиссияның шешімімен профессор атағы берілді. Ал 1993 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін «Математикалық талдау» кафедрасының профессоры қызметінде болып, студенттер мен магистранттарға дәріс берді. Ғалымның 1986 жылы «Математикалық талдау» атты оқу құралы, 1999 жылы Алматы қаласынан «Математикалық талдау курсының есептері мен жаттығулар жинағы» (I том) атты оқу құралы, ал ұзақ ізденіс жұмыстарының нәтижесінде аталған оқу құралының II томы 2003 жылы жарық көрді. Атырау қаласынан әр жылдары «Аналитикалық функциялар теориясының есептері мен жаттығулар жинағы» (Оқу құралы. 2004 ж.), «Математикалық талдау» (Оқулық. 2006 ж.), «Математикалық талдау» (Оқу құралы. 2007 ж.) сияқты еңбектері жарық көрді. Ғалым-ұстаз 200-ден астам ғылыми мақалалардың авторы. Төкпен тер, ақталған сенім жоғары бағаланып, ұзақ жылдар бойы жоғары білім саласындағы айрықша ерен еңбегі үшін мемлекет тарапынан «Құрмет» орденімен марапатталды. Сондай-ақ «КСРО жоғары білім беру ісінің үздігі», «КСРО білім беру ісінің құрметті

қызметкері», «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін 1941-1945 ж.ж.», «Еңбек ардагері», «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысының жеңісіне 60 жыл» медалдарының, «ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл» медалінің иегері. Ғалым, ұстаз 85 жасында 2017 жылы Атырау қаласында дүниеден озды. Өзі ұзақ жылдар бойы қызмет атқарған университетте бүгінгі күндері «Ғапуллола Даиров» атындағы аудитория бар.



Қазақ КСР ҒА-ның Топырақтану институтына жіберіліп лаборант қызметінде болды. 1965 жылы аталған институт жанынан аспирантураға оқуға түседі. 1969 жылдың 6 маусымында Қазақ КСР ҒА-ның Топырақтану, ботаника және вирусология институтында ғылыми жұмысын қорғайды. 1970 жылдың 7 қаңтар күні КСРО Жоғары және орта министрлігі жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның шешімімен Ерен Бахитұлына биология ғылымдарының кандидаты дәрежесі берілді. 1970 жылы аталған институт базасында ғылыми қызметкер болып жұмыс атқарды. 1970 жылдың шілде айында Қазақ КСР Оқу министрі Е.Б.Сахиповты арнайы жолдамамен Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми істер жөніндегі проректор лауазымына тағайындады. Ерен Бахитұлына 1972 жылдың 7 шілдесінде Жоғары аттестациялық комиссияның шешімімен доцент атағы берілді. Жаңа тағайындалған проректор институттың профессор-оқытушыларының ғылыми өсуі белсенділігінің артуына ерекше мән берді. Бұл жұмыста институт ректоры С.Д.Дүймағамбетовамен бірлесе отырып ғылымға ұмтылысқа сол кезде қалыптасқан білім жетілдіру институттарын, аспирантура, тағылымдама, ізденушілік жүйесін кеңінен пайдалану және ғылыми жұмыспен айналысып жүрген оқытушыларға шығармашылық демалыс, іс сапарын жоспарлы түрде беруді тиімді жүзеге асырып, жолға қою жұмыстарына атсалысты. Оқу орнының әкімшілігі тарапынан атқарылған іс-шаралардың бірі ғылыми өсу жоспарын республикалық жоспарға енгізіп, қаржыландырды. Бұл жұмысты 1974 жылға дейін атқарады. Ал 1974-1976 жылдары оқу ісі жөніндегі проректор қызметін атқарды.

Е.Б.Сахипов 1976 жылдың 16 қыркүйегінде Қазақ КСР Оқу министрі Қ.Балахметовтың № 602 бұйрығымен Гурьев педагогикалық институтының (қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті) ректорлығына тағайындалды (АОМА, 13-қор, 2 л- тізім, 3815-іс.). Ректор Ерен Бахитұлының ректор лауазымында болған жылдары ұжыммен бірлесе отырып атқарған қызметтерінің бірнешеуіне ғана тоқтала кетсек. Мысалы 1977 жылы физика-математика факультетінің оқу үйі қайта жабдықталды, факультет жаңа оқу үйіне шықты да, оның орнына музыка-педагогика факультеті орналасты. Ерен Бахитұлы ректоры қызметінде болған 1978 жылы Гурьев облыстық атқару комитетінің шешімімен институтқа агробиостанция үшін 10 гектар алма бағы мен жер учаскесі, сол шешіммен «Район» деп аталатын тұйықталған телевизиялық станция берілді. Агробиостанция студенттердің алған білімін тәжірибемен ұштастыруға, жылдың әр мезгілінде іс-тәжірибеден өтуіне, білімін жетілдіруге ерекше ықпал етті. Студенттер мен профессор-оқытушылардың күшімен оқу ғимаратының және студенттік жатақханалардың аумағы абаттандырылды. Институт басшылығы тарапынан профессор-оқытушылардың ғылым жолындағы табыстары, олардың бүкілодақтық, республикалық, институттық ғылыми конференцияларға қатыстыру арқылы ынталандырылды. Сол жылдардағы үлкен жаңалықтардың бірі - педагогикалық оқу орындары мен ауыл мектептерінің өзара байланысының түрлері мен әдістерін жетілдіруде 1978 жылы қыркүйек айында Гурьев педагогика институтының базасында «Педагогикалық институттардың жалпы білім беретін мектептермен, орта кәсіптік техникалық училищелермен және халық ағарту орындарымен байланысы» тақырыбында өткізілген республикалық семинар-кеңестің мәні орысан зор болды. Республикалық деңгейде өткізілген кеңесте ауыл мектебінің өзекті мәселелері, педагогикалық ұжымның ауыл мектебімен ынтымағының негізгі бағыттары, ауыл мектебі жағдайында болашақ мұғалім кадрларын даярлаудың ерекшеліктері, ауыл мектебі мұғалімдеріне теориялық және әдістемелік көмек беру т.б. тақырыптарда жоғары мектеп ғалымдары мен мектеп мұғалімдері тәжірибе алмасты. Семинарға қатысушылар Гурьев педагогика институтының ауыл мектептерімен ынтымақтастығы жөнінде іс-тәжірибесі мақұлданып, республика көлемінде кеңінен таратуға ұсынылды. Гурьев педагогика институтының ауыл мектебімен байланысын іске асыру жөніндегі іс-тәжірибесі «Советская педагогика» журналында жарияланды. Бұл үлкен жаңалық болатын.

Ерен Бахитұлы басқарған жылдары Гурьев педагогика институтында облыстық, қалалық, аудандық оқу бөлімдерімен, облыстық білім жетілдіру институттарының өкілдерімен институттың Ғылыми кеңес, кафедралары біріккен мәжілістерін өткізу тәжірибеге айналды. Факультеттер мен кафедралар аудандық оқу бөлімдерімен, қамқорлыққа алынған ауыл мектептері ұйымдарымен іскерлік және шығармашылық байланыстар жиі-жиі іске асып тұрды. Олардың мәжілістерінде облыста мұғалім кадрларын даярлаудың теориялық және әдістемелік даярлығын арттыруда бірлескен қызметінің перспективалық жоспары жан-жақты талқыланды. Ынталы жақтармен тікелей байланыс жасау арқылы осылай жоспарлау одан әрі бұл жұмысты тиімді ұйымдастыруға көмектесті. Е.Б.Сахипов бұрынғы қалыптасқан дәстүрге сүйене отырып, ректорат, деканат, кафедралар, қоғамдық ұйымдар студенттер арасында тәрбие жұмысын жүргізудің түрлері мен әдістерін жетілдіріп отырды. Оның жарқын мысалдарының бірі институттың құрылыс отряды 1978-1979 жылдары екі рет Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің ауыспалы туымен марапатталды. Студенттер ұжымы көркем өнер саласында дәстүрге айналған фестивальдарда, сайыстарда жүлделі орындарға ие болды. Ректор өз тарапынан студенттердің жағдайына ерекше

назар аударып, қоғамдық жұмыстарға өзі бас болып араласты.

1978 жылы 28 наурызда облыстық кәсіподақ комитетінің пленумында институт ректоры Е.Б.Сахипов сөйлеген сөзінде институтта 68 кәсіподақ тобы, 4 кәсіподақ бюросы, кәсіподақ құрамында 420 белсенді мүшесі болғанын атап өткен. Кәсіподақ тобының басты назарда ұстағаны әрбір студенттің оқу міндеттерін орындау болып табылды. Институт ректораты мен кәсіподақ комитеті 1977-78 оқу жылында оқу-тәрбие жұмысын, студенттердің еңбегін ұтымды ұйымдастыру мақсатында «Ең үздік топ» конкурсын жариялады. Осыған орай өткізілетін конкурстың арнайы ережесі жасақталды. Қысқы семестр қорытындысы негізінде конкурс бойынша үздік деп танылған топтарға шәкіртақы тағайындалды. Бұл игі істің нәтижесінде студенттердің білімі мен үлгерімі жақсарды. Егерде 1976-77 оқу жылындағы қысқы семестрде оқу үлгерімі 93, 3 пайыз болса, ал 1977-78 оқу жылындағы қысқы семестрде оқу үлгерімі 94,2 пайызды құраған. Институттағы 68 оқу тобының 28 оқу тобы (41,1 пайыз) толық оқу үлгеріміне қол жеткізсе, 2 студент Лениндік шәкіртақыға ие болды. Және де 113 студент оқу үздігі болды. Бұл мәжілісте ректор өз сөзінде Физика-математика факультетінің кәсіподақ тобының жетекшілері М.Христанов пен Ф.Измайлова, Биология-химия факультетінен К.Шунгарина, Шакирова, З.Оңғаралиева, тарих-фиология факультетінен Бактенова, Давиденко, Рябова кәсіподақ жұмысын жақсы жолға қойып, мақсатты түрде жұмыс жасайтындары ерекше атап өтті (АОМА, 1131-қор, 1-тізім, 14-іс). Бұлардың топтарында кәсіподақ ұйымы атқаратын жұмыстар жоспарлы түрде жүргізіліп отырған. Кәсіподақ мәжілістері жүйелі өтіп, онда оқу, қоғамдық жұмыс, студенттер тұрмысы, мәдени-іс шараларды ұйымдастыру сияқты өзекті мәселелер жан-жақты талқыланып отырған. Бұдан шығатын қорытынды ректорат тарапынан кәсіподақ топтары жетекшілерінің жемісті еңбектері өз деңгейінде бағаланғаны деуге болады. Барлық оқу топтарында жоғары идеялық тұрғыдан КСРО-ның жаңа Конституциясы жобасын талқылау кеңінен өткізілген. Педагогикалық ұжым мен кәсіподақ комитеті өз тараптарынан студенттердің бастамашылығын дамыту, олардың қоғамдық жұмыстарға қатынасуына ерекше көңіл бөліп отырды. Оның жарқын мысалы ретінде атап өтуге болатыны 1670 студенттің 1320-сы жоғары оқу орнының қоғамдық өміріне белсене араласақан, бұл яғни 79 пайызды құрады. Ал 240 студент қоғамдық мамандықтар бойынша тыңдаушы, 300 жас студенттік құрылыс отрядтарының мүшесі болып табылды. Көптеген студенттер институттың көркемөнерпаз және спорттық шараларына белсене араласты. Оқу топтарында еңбек ардагерлерімен кездесу, саяси дәрістер, баяндамалар, фестивальдар, тақырыптық конкурстар ұйымдастырылды. Тағы бір атап өтетін жағдай институт базасында сол күндері, яғни 22 наурыз-22 сәуір аралығында Гаванада (Куба) өтіп жатқан XI Дүниежүзілік жастар фестиваліне арналған қызықты іс-шаралар жоспарлы түрде өткізілген. Барлық факультеттерде «Достық» онкүндігі ұйымшылдықпен өтті.

Институтта СОКП Орталық Комитетінің және КСРО Министрлер Кеңесінің 1971 жылдың 18 қазанындағы №755 «Жоғары және арнайы орта оқу орындары студенттерінің материалдық, тұрмыстық-әл-ауқаттарын одан әрі жақсарту шаралары туралы» қаулысын орындау жұмыстары жүргізілді. Осыған орай жатақхана студенттеріне мүмкіндігінше тұрмыстық жағдайлар туғызылды. Студенттік кеңес және студенттік кәсіподақ комитеті тарапынан жатақхана бөлмелеріне рейдтер жүргізіліп, «Үздік бөлме», «Үздік қабат» сынды конкурстарда ұйымдастырылды. Осындай шаралардың нәтижесінде жатақхана бөлмелері мен қабаттарында санитарлық тазалық бір қалыпқа келіп, тазалық деңгейі жақсарды. Жатақханаларда әртүрлі тақырыптарда бұқаралық-саяси жұмыстар жүргізілді. Осыған қарамастан кәсіподақ топтары жұмыстарында жіберілген кемшіліктер мен оңқалықтар да орын алғандығы ақиқат. Оның негізгі себептерінің бірі көптеген жағдайда кәсіподақ топтары жасақтаған жоспар мазмұнды болмады. Топтағы бастауыш кәсіподақ ұйымы тарапынан студенттердің өздері таңдаған мамандықтарының қыр-сырын үйрену жауапкершілігін сезінуге аз көңіл бөлінді. Бұны айғақтайтын негізгі фактілердің бірі институттағы оқу үлгерімі өз деңгейінде болмауы күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып қалды, - деді ректор. Қысқы семестр қорытындысы бойынша 8 студент сабақ үлгерімі нашар болғандықтан, оқудан шығарылған. Сонымен бірге оқу топтары арасындағы социалистік жарыстарға өз дәрежесінде көңіл бөлінбеді. Оқу топтарында студенттердің білім деңгейін көтеру, оқу, ғылыми және қоғамдық-саяси жұмыстарға белсене араласу сияқты социалистік міндеттемелік формальды түрде қабылданды. 4 факультеттен тек 1 ғана, яғни Биология-химия факультеті 1978 жылға социалистік міндеттерді қабылдаған. Қаралып отырған кезеңге дейін оқу топтары арасында социалистік жарыс ұйымдастырылмады. Социалистік жарысты ұйымдастыруға жариялық болмады. Қабылданған міндеттердің орындалу барысы өзара бақылауға алынбады. Кейбір жеке оқу топтарында кәсіподақ жиналысы сирек өткізілді. Ол жиналыстарда тек оқу үлгерімі мен сабаққа қатысу мәселелері ғана қаралған. Жиналыстарда сын және өзара сын, қабылданған шешімдердің орындалуы барысын бақылау жеткіліксіз болды. Оқу топтарындағы кәсіподақ төрағасының (профорг) педагогикалық ұжымға студенттерді құқықтық, эстетикалық, адамгершілікке тәрбиелейтін іс-шараларға және оны ұйымдастыруға қатысуы әлі де өз деңгейде болмады» - деп әділ атап өтті. Осы кемшіліктерді жою жолдарын қарастыруға ректор Ерен Бахитұлы әрдайым уақыт тауып, жұмыс жасағанын архив қорында сақталған құжаттарда нақтылай түседі. Институтта атқарылған оқу-тәрбие, оқу-әдістемелік, ғылыми бағыттардағы және қоғамдық-саяси жұмыстардың басы-қасында ректор Е.Б.Сахипов жүрді. Батыс Қазақстандағы жоғары білімнің қара шаңырағы атанған Гурьев педагогика институтында 13 жыл әртүрлі лауазымды қызмет атқарған Ерен Бахитұлының кейінгі өмірі өзі жоғары білім алып, түлеп ұшқан ару Алматы қаласында жалғасты. 1983-2004 жылдары Алматыдағы Қазақстан Ғылым Академиясында аға қызметкер, Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінде бөлім басшысы қызметтерін атқарды. Ерен Бахитұлы 2004 жылы Алматы қаласында қайтыс болды.

Ғапуллола Даировты мен Ерен Бахитұлы - ең алдымен

кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы жоғары білімнің ірге та-

сын нығайтып, оны дамытуға ерекше атсалысқан азаматтар.

Жоғары да аталған тұлғалардың өмірі мен болашақ жас ма-

мандарды даярлаудағы атқарған өлшеусіз еңбек жолдары жас

ұрпаққа үлгі-өнеге болып қала бермек. ... Және де универси-

тет тарихында мәңгілікке қалды.

Аққали АХМЕТ

«Мәңгілі Ел» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

«ӘЗ – НАУРЫЗ – ДІНИ ЕМЕС, ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕ»

Наурыз мерекесі ұзақ уақыт неге тойланбай келді? Төл мерекеміз қалай жаңғырды? Осы және басқа да сауалдарға Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің қауымдастырылған профессоры, п.г.к, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері ШАХМАН НАҒЫМҰЛЫ жауап береді.

- Шахман ағай, алдымен Наурыз мерекесі жайлы бір ауыз сөз.

-Наурыз мейрамы - діни мейрам емес, бұл түсінік түбірімен қате. Оны түркі халықтары мыңдаған жылдан бері тойлап келеді. Ал, негізгі Отаны - парсы елі болып саналады. Наурыз «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Бүгінгі Иран жерінде пайда болып, түркі елдеріне жайылған. Ғасырлар бойы зайырлы мереке түрінде тойлануда. Имандылық, қайырымдылық, қамқорлық мерекесі - осы ұғымдардың барлығы Наурызға сыйып кетеді. Ал, қазақтар мұны 1926 жылға дейін тойлаған.

- Одан кейінгі кезеңде жағдай қалай болды?

- 1926 жылдан кейін сол кездегі совет үкіметінің саясаты Наурызды кең сипатта атап өтуге мүмкіндік берген жоқ. Саяси қуғын-сүргін басталды. 1921 жылы қатты аштық болды. Жұртты сайлау құқығынан айырды, әр түрлі тапқа жататындығы үшін адамдарды, діни сабақ беретін мұғалімдерді «заңнан тыс» деп жариялап, «балапан басына, тұрымтай тұсына» кеткен тұста Наурыз да тарих сахнасынан кетті. Наурыз мерекесін тойлауға совет үкіметі тиым салды. Соған қарамастан, халық оны ұмытқан жоқ еді. Шындығында, қандай қиын кезеңдер туса да, жұртшылық Наурызды хал-қадірінше елеуге, атап өтуге тырысты. Әрине, бұрынғыдай жұрттың жаппай далаға шығып, бұлақтың көзін ашып, терек отырғызып, төлдерді күтіп, қазақтың ырым-жоралғыларын жасайтын мамыражай күн болған жоқ. Соған қарамастан, Наурыз Көрісу күнімен бірге белгілі бір деңгейде аталып өтіп тұрды. Негізі, Наурыз мерекесін бұл айдың 22-сінен

емес, 14-15-інен бастап тойлай берген.

Содан кейін 1986 жылы «Лениншіл жас» газетіне жарқ етіп, Мұхтар Шахановтың Наурыз мерекесін тойлау қажеттігі жөніндегі көлемді мақаласы шыға келді. Осылайша, біртіндеп сен қозғалып, әділдік қалпына келе бастады. Өз басым Мұхтар Шахановты «Наурыздың атасы» деп айтуға лайық деп бағалаймын.

- Сіздің балалық шағыңыздағы Наурыз мейрамы қалай өтуші еді?

-Менің есімде 6-7 жасымдағы Наурыз мейрамы қалыпты. Жайлауда киіз үйде отырамын, жан-жағымдағы адамдар бір-бірімен көріседі, үйдегі алабақанға, киіз үй ішінде үлкен сырық, соған үйдегі ең тәуір деген киімдерді іледі, ал әйелдер өздерінің киімдерін, көйлектерін барып іліп қояды.

Әртүрлі ұлттық ойындар ойналатынын да көретінмін. Сол ойындардың кейбірін осы күні еш жерден көрмеймін десем де болады. Кішкентай балалардың құнан-тайға мінгізетіні күні кешегідей көз алдымда, сосын жарыстырып қоятын. Жайлауда немесе жылқының тұяғы батып мертікпейтіндей тегіс алаңдарда аттарды бір мәреден екінші мәреге дейін жарыстырып жататын.

Содан кейін «мүше алып қашатынымыз» бар еді. Кішкентай ойын балаларына шүберекке түйген тиынды береді. Ол «мүше» деп аталады. Шүберекке оралған сол дүние аса бағалы көрінетін, сондағысы оның ішіне асық, сырға секілді нәрселер салынады. Шүберекті алған бала тайымен шаба жөнеледі, екінші бала оны қуады, қуып жетсе жаңағы мүшені алады да, жете ал-маса мүше қашқан баланың өзіне бұйырады. Орыстармен араласып өмір сүргендіктен, олардың да ойындарын үйрене бастадық. Олар лапта деген ойнайтын, онда он екі

таяқ - жасырынбақ түрі, тақыр жерге ойыншық сияқты нәрсені айналдырып жіберіп, оны сапалақпен соғатын да ойындары бар-тын.

- Шахман ағай, Наурыз айы неге ұзақ тойланбай келеді?

- Ол әуелде бір айға дейін тойланып тұрған. Көрісу дегенді көбі амал деп атайды. Бұл дұрыс емес, амал дегеніміз - «бес қонақ амал», «бес ешкі амал», «құралай амал» деген сияқты табиғаттың құбылысы. Олар елдің кейбір өңірлерінде жоқ, содан да шатастырып, Наурызды жаңағы амалға теңестіріп қойып отыр деп ойлаймын. Ал Көрісуіміз - 14-15 наурыз күндері. Нақтысы, 14 наурыз күні болуы керек. Наурыз сол уақытта басталып, 22 наурызда ырым бойынша түнде Қыдыр ата келу керек. Ол келгеннен кейін елдегі барлық қиындықтарды өзімен алып кетеді деп сенеміз.

- Қазіргі Наурыз мерекесінің тойлануы көңіліңізден шыға ма?

- Наурызда көп той-томалақтан көрі шаруа бітірген жақсы деп білемін. Ағаш отырғызу, қайырымдылық шараларын жүргізу, қарттарға қолғабыс болып, жақсылыққа өткізген жөн. Кейде кешеді кішкентай балалардың тыныттебен сұрап жүргенін көремін. Бұл - кедейшіліктің белгісі. Быыл ең төменгі айлық жалақы 60 мың теңге құрайды, ол қай жыртқығынды жамалуға жетеді? Осындай жағдайы төмен отбасыларға көмектесіп, алғыстарын алғанның өзі керемет сезім емес пе? Сондықтан, наурыз айын барынша қайырымды істерге жұмсаған жөн деп санаймын.

Бұрынғы Наурыз бен қазіргі Наурыз мерекесінің айырмашылығы бар ма?

- Жаңа айтып кеткенімдей, Әз-Наурыз халқына қайта оралып, тарихи мәртебесін иеленгеннен кейін оны барлық сән-салтанатымен тойлайтын болдық. Өкінішке орай, оны тек соңғы жылдары कोरोनाвирус дертіне орай жарияланған карантин ғана бәсеңсіткендей болды. Қазір ахуал жақсарып келеді, демек, Наурыз да бұрынғыдай дәстүрлі түрде тойлана береді деп сенемін.

- Наурыз мерекесінде барлық ұлтқа ортақ ерекшелік қандай?


- Наурыз түрлі елдердің ұлттық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі өтеді. Бірақ, олардың бәріне ортақ бір ерекшелік бар. Бұл жеті элементтен, негізінен, өсімдік өнімдерінен тұратын арнайы тағамды дайындау рәсімі. Алайда, оның құрамында өзгешеліктер болуы керек. Сондай-ақ, бұл тағамның атауында да айырмашылық бар. Егер өзбектер оны «сұмалақ» деп атаса, қазақтар - «Наурыз көже» дейді.

- Наурыз мерекесін қай елдер атап өтеді?

- Наурыз - Қазақстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда, Түрікменстанда, Түркияда, Тәжікстанда, Иранда, Әзербайжанда, Албанияда, Ауғанстанда, Ирактың Күрдистанында, Үндістан және Македонияда мемлекеттік мереке болып табылады. Оны Татарстан, Башқұртстан, Қытай және тіпті Жапонияда да жергілікті деңгейде атап өтеді. Ал 2010 жылдан бастап Наурыз Грузияда ұлттық мереке болып жарияланған.

Гүлназ АМАНОВА,
Салтанат Байтекенова,
журналистика мамандығының
2 курс студенттері

НАУРЫЗ: БЕС СҮЙІНШІ!!!



БІРІНШІ СҮЙІНШІ: НАУРЫЗДЫҢ ТАРИХИ КҮӘЛПІ ТАБЫЛДЫ

Шамамен 5000 жыл бұрынғы Алматының солтүстік-батысындағы 170 шақырым жердегі Аңырақай тауындағы жартаста қашалған ежелгі суреттер. Онда жер бетілік мақұлықтардан бірнеше есе ірі екі тұлға бейнеленіпті: оң жағында күн дидарлы адам кейіпті киелі тұлға бері қарап тұр, бұл «Тәңір» аталып жүрген жарқын күш болса керек, оның сол жағында әрі қарап, түндидарлы сайтанкейіпті - Ыңыр (Іңір - бұл қазақтарда күн батқаннан кейінгі кеш түскен уақытты білдіретін ұғым түрінде қалған); олардың ортасында сағат тіліне қарсы бағыт бойынша Сыыр жылының төрт маусымы бейнеленген: жаңа туған бұзау, оның үстін ала баспақ жайылып тұр, ал оның сол жағында семіз де мүйізі қарағайдай ірі бұқа Тәңірге қарап тұр да, оның астын ала мүйізі түскен, ауру да көтерем сыйыр тәлтіркеп тұр. Бұл сәйкес түрде бейнеленген жылдың төрт мезгілі - көктем, жаз, күз және қыс. Бұлардың бәрінің астында түрлі айуан бейнесіндегі он екі адам билеп жүр. Бұл - ежелгі наурыз мерекесінің рәсімі, жоралғысы! Бұл - сыыр жылының Наурызын мейрамдау көрінісі! Бұл - Күн мен Түннің теңесу сәті.

ЕКІНШІ СҮЙІНШІ: НАУРЫЗБӨРІК ТАБЫЛДЫ

Бұл бөрік ресейлік баскиімдер сайтында орыстың ұлттық баскиімінің тізімінде жүр, атауы - НАУРЫЗ! Сипаты: бөріктің бір түрі болғанымен негізі қалпақ пен бөрікті біріктіріп жасағандай әсер бар, бұл - ай мен күннің, Күн мен Түннің бірлескенін, теңескенін білдіреді, қалпақтың аласа етегі жоғары қарай бұрыш жасай қайырылған, түймелер немесе тастармен әшекейленген, бөрік етегі бағалы терімен көмкерілген. Наурызбөрік төбесі күннің қызуын білдіретіндей қызылтүсті болмаса жеті түспен құрақтап тігуге де болады. Аталмыш баскиім Алтынорда дәуірінен қалған орыс ерлерінің баскиімі тізімінде наурыз атауымен жүр.



ҮШІНШІ СҮЙІНШІ: НАУРЫЗҚАЛПАҚ ТАБЫЛДЫ

Алтынордалық наурыз қалпақ та орыстардың ұлттық бас киімдерінің арасында жүр. Сипаты: қалпақтың төбесі екі жолақтың араласа тігілуінен құралады; көктүсті жолақ - аспан, топырақтүсті жолақ - жерді білдіреді. Айыр қалпақтың екі бөлектенген етегі Айдың бейнесін береді, оның бетіне айқыш/крест кестеленген, бұл Күннің таңбасы. Ай мен Күннің бірігуі астрономиялық Күндіз бен Түндіздің теңесуін нұсқайды.

Аталмыш баскиім Алтынорда дәуірінен қалған орыс ерлерінің баскиімі тізімінде суретімен жүр. Киген адамның суреті де текті қыпшақ екені көрініп тұр, оның ширатылған мұрты Көкке қараған.

ТӨРТІНШІ СҮЙІНШІ: КӨРІСУ ҒҰРПЫНЫҢ СУРЕТІ ТАБЫЛДЫ
Әбілқайыр ханның ордасындағы Көрісу

ғұрпы. 1736 жылдың жазы. Жем-Ембі өзенінің бойы. Ағылшын суретшісінің салған суреті. «Аул хана Младшего жуза Абулхаира встречает посольство России. Среди людей из России особо выделяется английский художник Джон Кэстль. Внутренность ставки хана Абулхаира. Отдельно слева от ханского тахта-трона расположились представители российского посольства, справа под занавесом сидит жена хана Бопай. У двери расположилась обслуживающая прислуга. Из ханских советников присутствуют два-три султана и баксы-балгеры, муллы. Хан сидит на возвышенной тахте, перед ним обильный дастархан. Прислуживающие даяшы разносят астауы с мясом и ку-

мыс с зеренами. Абулхаир доволен появлением этого посольства в своей орде. Он берет в правую руку целую горсть мяса и посылает англичанина Джона Кэстля. Хан говорит: «Это наш дастар-асату. Такое предлагается только очень почетному гостю. А ну-ка, открывай рот, да пошире...»

... В этот момент Джон Кэстль берет кусочек светлой кожи и графит, стремительно подходит к занавеске, за которой сидит ханша Бопай.

«Я нарисую портрет Вашего мужа», — говоря это, Джон Кэстль начинает лихо-радно выводиться графитом облик Абулхаира на кусочке кожи.

«Ей, күйеуіміңді суретін салма! Онан соң ол өліп қалмай ма?» говорит Бопай. Она забеспокоилась и смотрит на Мамета Тевкелева.

Англичанин не понимает слова ханши

Бопай и продолжает рисовать хана. На кусочке светлой кожи вмиг появляется облик Абулхаира, первоначальная основа портрета.

«Эй, Джон! Если умрем, так с отцом вместе пойдём под землю. Ты и нас рисуй», — говорит младший сын хана - Ералы.

Бопай поддерживает слова сына: «Ералы дұрыс айтады. Біздің де суретімізді сал терітерсеңіңе!.. Кетсек, бәріміз бірге кетейік о дүниеге...»

Тевкелев начинает шептать на ухо Джона Кэстля. Англичанин улыбается и ритмично кивает головой... После каждого кивка головы появляется новый рисунок английского художника... Так до нас дошло около десятка рисунков Джона Кэстля, в которых он запечатлел семью Абулхаир-хана в июне 1736 года на берегу реки Жем-Эмбы (Сатаев А. «В лебедей не стреляют». А., «Қайнар», 2011).

Бопай и продолжает рисовать хана. На кусочке светлой кожи вмиг появляется облик Абулхаира, первоначальная основа портрета.

«Эй, Джон! Если умрем, так с отцом вместе пойдём под землю. Ты и нас рисуй», — говорит младший сын хана - Ералы.

Бопай поддерживает слова сына: «Ералы дұрыс айтады. Біздің де суретімізді сал терітерсеңіңе!.. Кетсек, бәріміз бірге кетейік о дүниеге...»

Тевкелев начинает шептать на ухо Джона Кэстля. Англичанин улыбается и ритмично кивает головой... После каждого кивка головы появляется новый рисунок английского художника... Так до нас дошло около десятка рисунков Джона Кэстля, в которых он запечатлел семью Абулхаир-хана в июне 1736 года на берегу реки Жем-Эмбы (Сатаев А. «В лебедей не стреляют». А., «Қайнар», 2011).

БЕСІНШІ СҮЙІНШІ: КӨРІСУ ҒҰРПЫНЫҢ ТАРИХЫ ТЕРЕҢДЕ



Көрісу ғұрпының тастағы бейнесі ежелгі Наурыз мерекесінің рәсімін, адамдардың бір-біріне құшақ ашып көрісуін көрсетеді. Оның тарихы зерттей келгенде бес мың жыл мерзімді көрсетуі де ықтимал.

Серік Ергали интерпретациясы
<https://www.facebook.com/groups/109246125918578/permalink/1773795902796917/?sfnsn=mo&ref=share>

МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ СӘЛІМЖАН НАҚПАЕВ - АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ

Ақпан айында Атырау облысына іссапармен келген ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Сәлімжан Нақпаев Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ұжымымен кездесіп, оқытушы ғалымдардың сауалдарына жауап берді. Жаңадан құрылған «Жаңа Қазақстан» тобына енген 31 депутаттың қатарына енген Сәлімжан Жұмашұлы елімізде болып жатқан саяси-экономикалық реформаларды, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бағдарламаларды жүзеге асыру барысын қысқаша түсіндіріп өтті. Сонымен бірге, халық қалаулысы Мәжілістің экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің хатшысы ретінде табиғат қорғауға бағытталған өзекті мәселелерді көтеріп, оң шешімін табуы үшін жұмыстанып жүргенін жеткізді.

«Қазіргі күні Жайық өзенінің жағдайы бәрімізді алаңдатып отыр. Бұл мәселені шешуде оның бірнеше мемлекетті басып өтетін трансшекаралық өзен болғандығы қиындық келтірді. Өзен суының тартылып кетуінің басты себебі – әлемдік жылыну салдарынан деуге болады. Сол себепті, бұрын-соңғы болмаған судың шықпауы, қардың жаумай қалуы сияқты табиғи құбылыстар, катаклизмдер болып жатыр. Бұған қоса, жер астындағы су деңгейі де азайып кеткен. Екінші себеп – Ресейдегі өзен суын тұтынушылар саны көбейіп, сол себепті олар өздеріне қойма, бөгеттер салып ала бастады. Осы орайда, 2020 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының үкіметтері арнайы комиссия құрып, қазіргі күні Жайыққа су жіберу мәселесі талқыланып, жұмыстар жүргізіліп жатыр. Соның ішінде, біз үшін Жайық суының көктемгі су тасқыны кезіндегі сәуір айында келуі маңызды рөл атқарып тұр, ал Ресей жағы суды жіберу уақытын мамыр, маусым айларына белгілеген. Қалай болғанда да, бұл мәселені шешу – үкімет еншісінде, біз де өз тарапымыздан жұмыстанып отырмыз, бізге бұл мәселеге байланысты экология комитеті тұрақты есеп беріп отырады», – деп нақтылады Сәлімжан Нақпаев.

Сондай-ақ, ол атыраулықтар үшін маңызы зор Ойыл, Сағыз, Жем өзендеріне қатысты жағдайға да тоқталды. Соның ішінде, депутат Қызылқоға ауданының халқы ауыз су ретінде пайдаланып отырған Ойыл өзенінің ахуалына аса алаңдаушылық білдірді. Өйткені, былтыр өзен суы келмей қалған, биыл бұл жағдай қайталанатын болса соңғы экологиялық апатқа әкеліп соғуы мүмкін. Осы орайда, қоғам белсенділерінің шағымы бойынша мәселені зерделеген Сәлімжан Нақпаев өзен суының келетін жолындағы алпысқа тарта шаруа қожалығының расымен де бөгеттер салып алғанын анықтап, Ақтөбе облысының әкімдігімен соған байланысты түсіндіру жұмыстарын жүргізгенін айтты. Сонымен қатар, бюджеттен қаршама қаражат бөлініп, газ тартылып, жол салынып жатқан ауданды сумен қамтамасыз ету жайы да үкімет алдына мәселе етіп қойылған.

«Өкінішке қарай, біздің елімізде 4 мыңға тарта су көзі бар деп қарастырсақ, оның ішінде құр босқа рәсуа боп ағып кетіп жатқандары да бар. Мәселен, Құлсары қаласынан 130 шақырымдай жерде Кеңес одағы кезінде гидролог ғалымдар Теңіз кен орнына жарату үшін су көзін тауып, скважиналар қазылған. Кейін олар пайдаланылмай қалып, скважиналар бұзылып, суы далаға аға бастаған. Қазақстан бойынша осындай жалпы саны 2265 скважина бар екен. Су – біздің стратегиялық қорымыз саналады, оны беталды ысырап етуге болмайды. Сондықтан, біз босқа ағып жатқан су көздерін тоқтатуды сұрап, қазіргі күні оны жүзеге асыру үшін қаражат бөлінді», – дейді С.Нақпаев.

Өз кезегінде ұжым қызметкерлері аймақтың, сонымен қатар, білім саласының көкейкесті проблемаларын ортаға салып, халық қалаулысына ұсыныс-тілектерін жеткізді.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің басқарма төрағасы – ректор Саламат Идрисов: Елімізде білім саласын дамытуға бағытталған шараның бірі – ҚР білім және ғылым министрлігінің тікелей қолдауымен он бес жоғары оқу орнының базасында Академиялық басымдық орталықтары (АБО) құрылмақ. **Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Атырау облысындағы жалғыз көп салалы университет ретінде аталған жоғары оқу орындарының тізіміне енгізілген. Осы жерде атап өтетіні, аймақты дамытуға арналған ғылыми инновациялық жобаларды жүзеге асыру үшін ірі бизнес тарапынан табыс көзінің 1 пайызы ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар үшін бөлініп отыруы тиіс. Бұл жөнінде 2020 жылғы Мемлекет басшысының Жолдауында да айтылған болатын. ҚР «Жер қойнауын және жер қойнауын пайдалану туралы» (08.01.2022 жылғы жаңа өзгерістермен және толықтырулармен) Заңының «Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді өндіру кезеңі ішіндегі оқыту, ғылым, цифрландыру және өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту салаларындағы міндеттемелері» жөніндегі 129 бабының 2 пунктінде «көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган ғылым саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып айқындаған тәртіппен ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды және (немесе) көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган аппараттандыру саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып айқындаған тәртіппен көмірсутектер саласындағы цинрландыру жобаларын алдыңғы жылдың қорытындылары бойынша жер қойнауын пайдаланушыны көмірсутектерді өндіру кезеңінде өндіру үшін шеккен шығындарының бір**

пайызы мөлшерінде қаржыландыруды жүзеге асыруға міндетті де көрсетілген.

Бізде ТШО, НКОК сынды ірі компаниялар мен басқа да жер қойнауын пайдаланушы компаниялар бар. Алайда, бұл талап іс жүзінде жүзеге асып отырған жоқ. Егер компаниялар өздеріне қажетті, тиімді деген ғылыми жобаларды қаржылай қолдап отырса да, сол арқылы ғылымды қолдап, жобаға еліміздегі, шетелдегі ғалымдарды тартуға мүмкіндік туар еді. Біздің ғалымдарымыз республикалық грант байқауларына да тұрақты қатысып келеді, ол жерде бәсекелестік тым жоғары болғандықтан грантқа қол жеткізу де қиынға соғуда. Сол себепті, аймақтың білім, экономика, мемлекеттік қызмет, басқа да салалардағы кадр қажеттілігінің 75 пайызына дейін қамтып отырған Атырау университетінің ғалымдарына жергілікті деңгейде компаниялар тарапынан қаржылай қолдау көрсетілуін қаперде ұстасақ деймін.



Осы жерде туындайтын тағы бір мәселе, ҚР білім және ғылым министрлігі тарапынан университет кампусы аумағында Академиялық үстемдік орталығын құру үшін заманауи оқу-зертханалық кешен салу үшін 1 млрд. теңге бөлінбек. Жобаны толыққанды жүзеге асыру және университет пен облыстың алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыруда тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін АҰК жобасы Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына енгізілген. Ол үшін бізге жер теліміне қажеттілік туып отыр, бұл мәселеден облыс басшылығы хабардар.

Үшіншіден, оқу орнының жанынан «USTAZ» ер балалар мектебі ашылып, жұмыс жасап жатыр. Онда болашақта ұстаз боламыз деп көздері жанып тұрған, ауылдық жерлерден келген 65 бала білім алуда. Өзіңізге белгілі, өңірдегі мектептерде ер мұғалім жетіспейді. Ал «USTAZ» мектебіне сұраныс жыл санап өсіп келеді, сол себепті, мектепті өз алдына бөлек ғимарат етіп шығарсақ дейміз. Ол үшін арнайы жеке мектеп салмаса да, салынып жатқан ғимараттан орын берілсек, төлеп отыра бердік деп ойлаймын.

Қазіргі күні университетіміздің материалдық-техникалық жағдайы жақсы деп айта аламын. Білім сапасын заман талабына сай арттырып, ішкі мазмұнды жақсартуды алдымызға міндет етіп қойып, оқытушы ғалымдардың біліктілігін көтеру, кітапхана қорын ұлғайту сияқты жұмыстарды жүзеге асырып отырмыз, десек те, ауқымды жобаларды қолға алу үшін бізге қаржы тапшылығы қолбайлау болып келеді. Аймақтың жай-күйімен жақсы таныс ел азаматы ретінде біздің бастамаларымызға қолдау білдіреді деп сенеміз.

Еламан Айболдинов, ғылым және халықаралық қатынастар жөніндегі проректор: Біз Алматы қаласындағы Ахмедсафин атындағы гидрогеология және геоэкология институтының ғалымдарымен біріге отырып, Атырау облысын сумен, оның ішінде ауыз сумен қамтамасыз ету үшін Ақтөбе облысының аумағындағы Көкжиде жерасты суларына гидрогеологиялық зерттеулер жүргізу жобасын қарастырып отырмыз. Қазіргі кезде ғылыми жұмыстар, оның ішінде бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру негізінде іске асатын жобалар, техникалық тапсырма әзірлеуден басталады. Яғни, мемлекеттік органдар тарапынан техникалық тапсырма әзірлеу арқылы жүзеге асады. Ол үшін ҚР геология, экология және табиғи ресурстар министрлігі тарапынан техникалық тапсырмаға тапсырыс беріліп, бағдарламаны қаржыландыру тетігін жүзеге асырса, оған қатысу арқылы тиімді жобаны іске асыру мүмкіндігіне ие болар едік деп ойлаймын.

Екінші мәселе, өңірдегі қоқыс-қалдықты қайта өңдеуге байланысты. Қазіргі күні Атырау қаласында күніне орта есеппен 800 тоннадай қалдық шығарылады деп есептесек, құны 20-25 млн доллар құрайтын және жылына 125 мың тонна қалдық өңдеуге қуаты жететін дайын зауыт салу өзекті мәселе болып тұр. Евроодақтың Экологиялық кодекстеріне сәйкес келетін заманауи технологияны Қазақстанға әкеліп, қалдықты өңдеу процесін енгізу нәтижесінде одан химиялық өнімдер алып, Эстония елінің тәжірибесінің негізінде электр энергиясын өндіретін өндіріс ошақтарын қайта жасақтауға болады.

Арман Жұмағазиев, география, туризм және су ресурстары кафедрасының меңгерушісі: Сізбен кездесуден өзімнің көкейімде жүрген су көздеріне қатысты сауалдарға жауап алдым, өзім «Ойыл жанашыр-

лары» тобының мүшесімін, Жылыой ауданындағы өзіңіз айттып өткен жерасты фонтандарының атқылап жатқанына он шақты жыл болды, оны қазіргі технологияны пайдалана отырып Жем өзеніне жеткізсек, біраз суды үнемдеген болар едік. Біз осы жағдайға байланысты гидрогеологиялық жобаларды қолға алғанбыз, өкінішке қарай, ол қазір тоқтап тұр. Екінші мәселе, тілге байланысты. Қазіргі кезде «орыс мектептеріндегі білім сапасы жоғары» деген стереотиптің белең алып тұрғаны байқалады. Бұл түсінік шындыққа жанаспайды және оны жою керек деп санаймын, ол үшін білім деңгейін тек қана ҰБТ нәтижесімен емес, жұмысқа орналасу деңгейі бойынша есептесе деген ұсынысым бар. Сондай-ақ, бүгінгі білім жүйесінде пәндерді тереңдетіп оқытатын білім мекемелері 7 сыныптан кейін орта мектептердің үздік оқушыларын өздеріне алып кетеді, оған жол бермес үшін аталған мектептер оқушыларды 1 сыныптан бастап қабылдап оқытқаны жөн деп ойлаймын. Төртіншіден, жоғары оқу орындарында техникалық және басқа да мамандықтардан педагогикалық білімі жоқ оқытушылар сабақ беруде, осы орайда инженерлік педагогика бағдарламасын жасақтап, мамандықтар классификаторына енгізуді қарастырса деген ұсынысым бар, себебі, білім беруде педагогикалық шеберлікті, әдістемелерді қолданып, жаңартылған білім бағдарламасына сәйкес жұмыс істеу талап етіледі.

Физатулла Имашев, физика және технологиялық пәндер кафедрасының профессоры, п.ғ.д.: Бүгінде облыс мектептерінде физика, математика, информатика пәндерінің мұғалімдері тапшылық етеді. Бұл тапшылықты азайтып, жою үшін облыс әкімдігінен осы мамандықтарға бөлінетін грант санын көбейтсе деген ұсынысым бар. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы жақында елдің батыс өңірінен екі техникалық жоғары оқу орнын ашу керектігі жөнінде тапсырма берген болатын, ол үшін материалдық-техникалық жағынан жабдықталған, шетелдік жоғары оқу орындарымен байланысы бар Атырау университетінің толық мүмкіндігі бар деп есептеймін.

Алпысбай Аралбаев, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к.: Атырау облысында бірде бір арнайыланған мамандандырылған спорт мектеп-интернатының жоқтығы осыған дейін де сан мәрте көтеріліп, шешімін таппай келеді. Бүгінгі кездесуді пайдалана отырып, осы мәселеге тағы да назар аударғым келеді. Осы себептен біздің спортта жақсы нәтижелерге жетіп келе жатқан балаларымыз 5-6 сыныптарда басқа жақтарға кетіп, сол аймақтардың атынан шығып, намысын қорғап жатады. Мысал үшін айтсақ, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Алматы, іргелес Ақтөбе облыстарында мұндай спорт мектеп-интернаттары бірнешеу. Ал 1984 жылы ашылған «Буревестник» спорт кешені ескіріп тұр, сондықтан, оны күрделі жөндеп немесе қайтадан салу керек деген пікірдемін.

Атырау университетінің оқытушы ғалымдары тарапынан айтылған ұсыныс-пікірлерді тыңдаған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты «Республикалық бюджеттен қаражат бірнеше жылға алдын ала жоспарланып қойылады, сол себепті сіздер ұсынған жобаларға қаржы бөлу қиынға соғуы мүмкін. Сондықтан, демеушілік қаражат көзін қарастыруға болады. Оның үстіне, компанияларда жобаларға ақша бөлу саясаты икемді, яғни қайта қарастыру, алғашқы кезекте тұрған жобаларға бөлу сияқты процестерде қиындық келтірмейді», – деді Сәлімжан Нақпаев.

Сондай-ақ, Сәлімжан Жұмашұлының айтуынша, қазіргі күні өңірден сайланған депутаттар Атырау қаласында қоқыс өртейтін зауыт салу жобасын жүзеге асыру үшін жұмыстануда. Белгілі болғандай, бұған дейін елдің 6 аймағында қоқыс өртейтін зауыт салынатын болып, кейін одан «күніге өңделетін қоқыс көлемі жетпейді» деген желеумен Атырау және Тараз қалалары алынып тасталған. «Шындығында бізде жер астында 50 жылдың үстінде көміліп жатқан қалдық бар, одан бөлек облыс орталығына жақын Махамбет, Исатай аудандарынан шыққан қоқыс-қалдықты да жеткізіп, жойып отыруға болады. Сонымен бірге, қоқысты құр өртеп жібермей, оны өңдеп, қажеттіліктерге жарату жөнінде де мәселе қозғап отырмыз», дейді депутат.

Мұнайлы мекендегі ауру-сырқау көрсеткішінің арту себебі өндіріс ошақтарының жиі және тұрғындарға тым жақын орналасқандығымен жасырмай айтқан Сәлімжан Нақпаев мұндай практиканың шет мемлекеттерде де барын жеткізді. Алайда, экологиялық қауіпсіздікті алғашқы кезекке қойған елдерде өндіріс зауыттарына фильтрлер орнатылып, олардан шыққан барлық қалдық сүзіліп отырады, сондай-ақ, зауыт айналасы жасыл желекке бөлініп, оның маңайындағы ауа көрсеткіштері халыққа күнделікті жарияланып отырады. Өкінішке қарай, біз бұл жағынан мақтана алмаймыз.

Жиын соңында халық қалаулысы тарихы бай, іргелі оқу орнын және еліміздің дамуындағы ерекше бағалайтынын және еліміздің дамуындағы алдыңғы қатарлы ғылыми интеллигенцияның алатын орнын ерекше бағалайтынын жеткізді. Бас қосуда ортаға салынған ұсыныстар әрі қарай сарапталып, депутаттық сауал түрінде жолдануы үшін жазбаша түрде тапсырылды.

«ӘСКЕРИ ӨНЕР МЕН САЛТ-ДӘСТҮР – ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ»

Әскери іс халықтың және мемлекеттің өміршеңдігін қамтамасыз етуде барлық тарихи кезеңдерде ең басты рөлдердің бірін атқарды.

Соның ішінде қаруға деген құрмет қазақ халқының өмірінде де әскери іске байланысты құқықтық әдет-ғұрыптар мен заңдарында да кең таралған.

«ЕР ҚАРУЫ – БЕС ҚАРУ»

Қаруды «бес қарудың» қатарына жатқызу үшін оның төмендегідей ерекшеліктері болуы шарт болған.

Біріншісі – жалпы еркек адам емес, тек жауынгер, әскери адам ғана ұстайтын құрал болуы керек;

екіншісі – күнделікті тұрмыста емес, тек соғысқа қолданатын құрал болуы керек;

үшіншісі – қарудың жекпе-жекте қолдану мүмкіндігінің болуы;

төртіншісі – қарудың әскери тактикаға негіз болуында;

бесіншісі – қару түрінің әскер құрамын анықтауы;

алтыншысы – қарудың жоғары дәрежелі әскери лауазымдарды белгілейтін және әр түрлі символдық мағынада қолданылуы; жетіншісі – соғыс қаруының өзіндік жұмсау тәсілімен ерекшеленуі.

Осы ерекшеліктерге байланысты «ер қаруына»:

1) садақ (кейін оның орнын мылтық басты);

2) қылыш (ертеде семсер, сапы);

3) найза («сүңгі» деп аталатын ұзын түрі бар);

4) айбалта;

5) шоқпар (соғыста қолданатын түрі «гүрзі») жағқызуға болады.

Соғыс қаруларының жұмсалуды тәсілі бес түрлі болып қалыптасқан.

Олар: ату (садақ не мылтық), кесу (қылыш), түйреу (найза), шабу (айбалта), соғу (шоқпар). Найзаға байланысты мынадай атаулар кездеседі: толғамалы ақ найза, емен сапты найза, алты құлаш ақ найза, егеулі найза, жалаулы найза, күмбезді найза, қарағай найза, жебелі найза, қималы найза, қоңыраулы найза, шашақты найза, сырлы найза, т. б. Немесе семсер мен қылышқа байланысты атаулар: ақ семсер, алты құлашты ақ семсер, көк семсер, алмас қылыш, жалаң қылыш, болат қылыш, алтын балдақ ақ қылыш, алдаспан, наркескен, т. б.

Садаққа байланысты: бұлғары садақ, бұқаржай, көн садақ, қарағай садақ, т.б.; мылтыққа байланысты: алты қырлы ақ мылтық, ақ сырық мылтық, берен мылтық, бітелті мылтық, күмісті мылтық, орама мылтық, мысық құлақ мылтық, он екі құрсау жез айыр мылтық, сыр мылтық т. б.

ҚАРУҒА БАЙЛАНЫСТЫ БЫРЫМ-ТҮЙІМДЕР

Қару-жарақ Қағбаға қарайтын киіз үйдің оң – ер жағында керегеді ілулі тұруы керек. Оған иесінің рұқсатын алмай туыстарынан бастап ешкімнің де қол тигізуге қақысы жоқ. Ал найза мен сүңгі үйдің белдеуінде қыстырулы болған. Бұл батырдың үйде екендігінің белгісі және найзаларға әр түрлі дәреже белгілері (байрақ, шашақ, ту) тағылатындықтан бұл кімнің, қай батырдың үйі екені, оның дәрежесі, елде ме, әлде жорықта екені сырттан келген адам біліп отыратын.

Сондай-ақ найзаны өлім болған үйде «қара» тұрғызғанда қолданады. «Қара» дегені найза ұшына белгі байлауды айтады, мәйіт жас болса – қызыл, ересекке – ақ, орта жасар болса бір жағы қара, бір жағы қызыл матадан құрап тіккен.

Бұл – «қаралы үйдің белгісі». Ары-бері жүрген адамдар сол үйде өлім болғанын, марқұмның жас мөлшерін біліп, үйге кіріп көңіл айтқан. «Қара» көтергені – «ас береміз» деген хабар.

Қайтыс болған батырдың мұрагері жоқ болса, бес қаруы өзімен бірге жерленген немесе өзінің өсиеті бойынша біреуге қалдырылатын.

Қазақтарда зират басында ертоқым мен найзаны, садақ пен жебелерді т. б. әскери қару-жарақтарды қалдыру арқылы өлген адамның қаншалықты батыр болғанын білдіргісі келген.

Марқұмның құрметіне ас берілгенде де бейтарап озып келгендерге сыйлық ретінде міндетті түрде сауыт-сайман аталатын болған.

Қазақ ең жақын адамын «тамыр» дейді. Көңілдері жарасқан адамдар дос, тамыр болу үшін арнайы ғұрыптар орындаған.

Соның бірі – жалаң қылышты кеуделеріне айқастыра құшақтасып, мәңгі дос болып өтетіндігі туралы серт жасап ант-су ішу.

Ұрыс алдында сап түзеуді қазақтар шеп құру деп атаған. Шеп құрғанда әскер оң және сол қанатқа бөлінген. Олардың алдында жаудың бағытын барлайтын

қарауыл топ жүріп отырған. Әскердің арт жағында орналасқан ханды хан жасағы қорғады. Хан жасағын тосқауылшы бөлік деп атаған. Ең артта әскердің қосалқы аттары, құрал-жабдықтар тиелген арбалар, малшы, қызметшілер, яғни әскердің шаруашылық бөлігі еріп жүрген.

Дәрежелеріне қарай онбасы, жүзбасыларына байрақ, ал, мыңбасы мен түменбасыларына ту беріліп, әскер саны байрақпен, түмен есептелетін болған. Байраққа аттың құйрығымен түсті мата бау жекелей не қосарланып тағылған. Белгінің қосарлануы дәреженің өскендігін білдірген. 17–18 ғасырларда дәреже белгілері киім арқылы көрсетіліп, байрақтар қолданыстан шығып қалған.

Соғыс тактикасында алыстан атысу ерекше роль атқарғандықтан әскердің маңызды бөлігі – садақшылар саналған. Садақшылардың ішіндегі ең мергендерінен «мергендер тобы» құрылған. Оларға жаудың қолбасшыларын, басты батырларын жою жүктелген.

Елді жау шапқан кезде тұрақты кәсіби әскерлермен бірге халық жасақтары да құрылған. Жорыққа шыққан кезде ұрысты алдын-ала болжайтын көріпкелдер, жауырыншылар, құмалақшылар ұстаған.

Шеру кезінде әскердің жауынгерлік рухын көтеру үшін керней, сырнай, дабыл, дауылпаз, шыңдауыл ойнайтын музыканттар да болған. Шайқас басталарда олар бас қолбасшының маңында, ал шеру кезінде қосының алдында жүрген.

Айқас кезінде жау жағы басым бола бастаса – қазақ әскерлері жан-жаққа шашыла шегініп, белгіленген жерде жиналып, кенеттен шабуылды қайта бастаған.

Тактикалық мақсатқа орай, әскер санын көп етіп көрсету үшін аттарға киіндірілген құршақтар да отырғызылған.

Ашық далада жау әскерімен кездескенде соғысты әдетте жеңіл қаруланған садақшылар бастаған. Алыстан атыс жүргізу арқылы олар дұшпан жауынгерлерін, аттарын шығынға ұшыратуға, сөйтіп ұрысты жеңілдетуге тырысқан. Мұндай әдісті «толғама» деп атаған.

Осыдан кейін айқасқа шайқастың тағдырын шешетін ауыр қарулылар, қылышкерлер, айбалташылар, шоқпаршылар бірнеше қосынға бөлініп, кезек-кезек кіргізілген.

Шегінуді олар жаудың әскер шебін бузып, қозғалтуға мәжбүр ету үшін немесе жауды бекінген қамалынан шығару үшін, соңынан ілестіріп, жасырын тұрған негізгі күштің үстінен түсіру немесе қайта шабуылға шығу мақсатында қатарын жинап алу үшін қолданған.

Қазақ батырлары ішінде құралайды көзге атып мерген, оғын жүзкіткі көзінен өткізетін болған. Найза қолданудың да көптеген түрлері, тәсілдері болған.

«Шаншу» – жоғарыдан төмен найза салу, «түйреу» – найзаны алға қарай



сұғу, «найза түйреу» – қолды қозғалтпай аттың күшін пайдалану болған.

Ерте заманда тосын жау шабуылынан қорғану үшін арбаларды бір-біріне тіркеп, дөңгелете бекініс жасаған. Кейде сыртынан топырақ үйіліп бекініс жасалған.

Қорғанудың тағы бір түрі – табиғи бекіністерді (тау қойнауларын, үңгірлермен шатқалдар т.б.) пайдалану болған. 1643 жылы Андасай бойында жоңғар әскеріне қарсы Жәңгірхан осы әдісті қолданған.

Бұдан басқа, тастан, балшықтан тұрақты соғылған, сыртынан оқ қазылып, су жіберілген бекініс, қамалдар да болған.

Қамал алудың да көптеген тәсілдері болған. Соның бірі – қамалға от қою. Ол үшін жебелердің ұшына майлы шүберек байлап, оны тұтатып атқан. Ақмола бекінісін алған кезде Кенесары әскерлері осы тәсілді қолданған.

Тас қамалдарды алу үшін жер астынан үңгір жол қазу да жиі қолданылған. Қамал шетіндегі орларға топырақ салынған қаптар тастап, ішке кіретін жол салған, қамал қабырғаларына шығу үшін арқан сатылар жасаған.

Қазақ ғылымының бастауында тұрған Шоқан Уәлиханов XIX ғасырда қазақтардың әскери ісін сипаттауға көп көңіл бөлді. Ол қазақтардағы қарудың түрлерін екіге бөліп көрсетеді.

Біріншісі – мал күзеткенде және ішкі қақтығыстар кезінде қолданылатын қарулар. Олардың қатарына қамшы, құрық, сойыл жатады.

Екінші топқа соғыс кезінде қолданылатын қарулар кіреді. Олар: ертеректе қайқы қылыш, кейін сапылар; селебе мен жекеауыз және «үнемі әр қазаққа болатын пышақ»; одан әрі найза; садақ, жақ және жебелері; мылтық деп көрсетеді.

ҚАЗАҚ БАТЫРЛАРЫНЫҢ СОҒЫС ӘДІСТЕРІ

Батыр бабаларымыздың соғыс әдістері айрықша болған. Әр-түрлі соғыс тактикасын, соғыс тәсілін пайдалана білген: «Үш тоғыс соғысы», «Қаша ұрыс салу», «Екі аша соғысы», «Жүре соғыс», «Жекпе-жек соғыс», «Үлкәр жәрік соғысы», «Ошақ соғысы», «Қоян-қолтық соғыс», «Ай қораланды соғыс», «Қоян қашты жасау», «Шұбыртпалы соғыс», «Аламан соғыс», «Хилар соғысы», «Дода соғыс», «Құйрық жеу соғысы», «Ұры соғыс».

Әрбір ірі әскери бірлестіктің өз туы, яғни жауынгерлік белгісі болды. Ту – әскери қарулануының бас белгісі болды.

Ол соғыста кем дегенде екі қызметті орындады: бірінші, ол қасиетті белгі, екінші, кезі мен сапта әскерге түрлі белгі беру үшін пайдаланған және Ту әскер қолбасшысының тек сыртқы белгісі емес, сонымен бірге әскери атақ пен данқтық белгісі болатын.

«Құйрық жеу» соғысы. Бұл тәсіл бойынша, ұрыс кетіп бара жатқан жаудың ең артқы қосының артынан, екі бүйірінен тыю. Жаудың алдыңғы қолының беті алда, сондықтан тығыштықпен өткен жерден арттан жау күтпейді. Ал арттағылардың алдыңғы қолға беруіне мұршасы болмайды.

«Ай қораланды» ұрысы – жауды айналдыра сыртынан қоршап алып, сонан соң біртіндеп қыса түсу. «Ай қораланды» ұрысын салу үшін әскер саны аз дегенде жаудың қолынан бір жарым есе артық болуы керек. Саны басым әскер сыртқа қарай беттеген жаумен ұрыс сала отырып оларды қоршап алады. Қалмақтар билеуі үшін, кім сыртқа ұмтылса, сонымен соғыс салу. Садақ оғы қардай боратылады.

«Үлкәр жәрік» соғысы. Мұның мәнісі: бір майданға шауып жүз адам кіреді, ол өзінің алғашқыларымен соғысын бітіріп, ілгері өтіп, қайта майданнан шығып кетеді. Оның артынан шауып екінші жүз, оның артынан үшінші, төртінші келе береді. Осылай мың адам он рет бірінен соң бірі ұрысқа кіре береді, жау қанша мықты болса да, бұл тәсілге шыдай алмайды, быт-шыты шығады.



Көшпенділер әскери тактикасының ең ерекше тәсілі – жекпе-жек. Батырлар жекпе-жегің өткізу қазақтарда XIX ғасырға дейін сақталып келді. Жекпе-жекке шығу батырлардың жауынгерлік борышы еді. Жеңген батыр қарсыласының атын, қару-жарағын олжалаған. Батыры өлген жақ оның денесін жауға бермеуге тырысып, «сүйекке шапқан», яғни батырдың денесін бермей алып қалу ерлікке саналған.

Міне, ғасырлар бойы жерді жауға бермеген батыр бабаларымыздың әскери дәстүрлері осындай.

Тәуелсіз Қазақстан – кешегі заманда төрткіл дүниені тітіреткен, салт атты әскери өркениетімен салтанат құрған айбынды көшпелілердің заңды ұрпағы.

Қарулы Күштеріміздің әскери рухын шыңдауда осындай даңқты әскери тарихымыз, жауынгерлік дәстүріміздің өнегесі мен тәлім-тәрбиесі өлшеусіз роль атқарады.

**Гүлнар БЕРДАЛИЕВА,
Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті
әскери кафедра оқытушысы
запағасы майор**

Студенттер шығармашылығынан

ОНА БЫЛА ОДНОЙ ИЗ ПЕРВЫХ

Среди лидеров феминистского движения начала XX века стали многие наши соотечественницы – Гульсум Асфендиярова и Аккагаз Досжанова. Они первыми получили высшее медицинское образование и стали дипломированными врачами.



Уроженка Тургайской области Оренбургской губернии Аккагаз рано осиротела и полностью перешла на воспитание к старшему брату. Тот, будучи учеником Ыбрая Алтынсарина, возглавлял западное крыло Алаш-Орды. Сағындық Досжанов постарался дать образование своей младшей сестренке. Сначала он отдал ее в татарскую школу в Оренбурге, а после – в Оренбургскую гимназию, которую она окончила с отличием. Затем Аккагаз поступила на высшие женские курсы в Москве, где выбрала медицинский факультет. Но доучиться ей там было не суждено – началась Первая мировая война. Девушку записали в военно-медицинское подразделение, присвоили должность сестры милосердия и отправили на фронт.

Завершила образование Аккагаз в Ташкенте, закончив медицинский факультет Туркестанского государственного университета. Главная газета большевиков «Правда» писала: «Ташкент. 18 декабря 1922 года. Совнарком Туркестанской республики постановил выдать премию в 100 000 р. и оборудовать за свой счет кабинет женщине – врачу – киргизке Досжановой, окончившей осенью этого года медфакультет Туркестанской республики, получившей высшее образование».

В 1922 году Туркестанский государственный университет учредил стипендию имени А.Досжановой. За недолгую жизнь Аккагаз Досжанова трудилась во многих городах, боролась с сотнями болезней. Но себе помочь не смогла. В 1932 году она умерла от туберкулеза легких.

Сегодня в Актөбе в честь первой казахской женщины врача Аккагаз Досжановой назвали улицу. Она находится в центре города – возле Западно-Казахстанского медицинского университета им.М.Оспанова.

**Дильназ ТАБАРАКОВА,
студентка 2 курса кафедры журналистики**

ХРУПКАЯ ЖЕНЩИНА С СИЛЬНЫМ ДУХОМ



Женщина – мать народа. Только образованная, умелая, свободная женщина способна вести ее передовых народов. Эти глубокие, но и то же время могущественные слова принадлежат первой казахской женщине-журналистке Назипе Кулжановой. Сегодня моя праздничная статья будет о ней. Наша героиня, Назипа Сегизбайкызы Кулжанова родилась 27 июля 1887 года в городе Торгай. По знаку зодиака она была львицей, что уже говорит о ее властном и независимом характере. В ее судьбе были моменты, где она показывала свою волю и смелость. В то время девушка без их разрешения выдали замуж и получили за нее калым. Назипа отказалась выходить замуж не по любви, но надо было вернуть плату, который за нее отдали. К сожалению, у ее семьи не было средств. И тогда она нашла выход, обратилась за помощью к областному военному прокурору и в итоге получила деньги. Она была городской девушкой, и у нее было больше шансов построить свое светлое будущее, нежели в ауле, где было очень много преград. В 1902 ее судьба началась складываться удачно, она завершила обучение в Костанайской русско-казахской гимназии. В этом же году встретила своего избранника – Нурғали Кулжанова. Нурғали в те времена был очень известным человеком, работал преподавателем в волостной школе. Супруги были друг другу под стать: демократичные, интеллигентные. По словам их современника – Григория Хомутова, Кулжановы были по тому времени высококультурными, прогрессивно настроенными людьми. Назипа глубоко любила творчество Абая. Она устраивала вечера, где пропагандировала поэтическое искусство, где широкая публика читала стихи и обсуждала работы великого поэта. Проводя такие вечера, она сумела собрать вокруг себя творческую молодежь. В своих статьях для журнал «Айкап» и «Казах» Назипа поднимала проблемы воспитания молодежи и культуры. Ее статьи о жизни и роли женщин в обществе побудили многих женщин Востока стремиться к знаниям, она выделялась тем, что она умела писать о женских проблемах как никто.

Известный поэт Султанмахмұт Торайғыров, настолько был очарован ее, что посвятил ей поэму «Знакомство». Он был восхищен ее достоинством, женственностью и честностью. В наше время ее назвали бы «Иконой стиля» И сейчас у нас в обществе имеются проблемы с равноправием, где женщины угнетают и не дают им отстаивать их же собственные права. Назипа Кулжанова является идеалом смелой и независимой особы, которому должны стремиться все казахские женщины.

**Жанат КАРАГОЖИЕВА,
студентка 2 курса кафедры журналистики**

«Я СЕГОДНЯ НЕ ПРОКАЗНИК, ПОТОМУ, ЧТО МАМИН ПРАЗДНИК!»

В наше время выбор для мужской фантазии огромный. Но вот как поздравляли женщин в советское время, мне рассказала моя мама. По ее словам, в садиках малыши тщательно клеили вырезанные заранее воспитателями детали аппликаций. Самым ярким воспоминанием моей мамы является аппликация в виде восьмёрки в букете гвоздик. В саму восьмёрку была вклеена фотография её мамы (моей бабушки).

В школах подделки были уже более сложными, делались руками самих детей. Пропагандировались ценности семьи и уважение к женщинам, проводились торжественные утренники, на которых поздравляли учителей. Мужчины дарили своим любимым женщинам, в первую очередь, веточки мимоз, которые продавались во всех цветочных магазинах. Эти нежные, пушистые, жёлтые веточки мама до сих пор вспоминает с нежностью и ностальгией. Дочкам дарились игрушки, жёнам парфюмерия – духи («Красная Москва», «Тет-а-тет»), конфеты «Птичье молоко», бутылка шампанского, баночка кофе. В организациях в обязательном порядке устраивались «Голубые огоньки», где торжественно поздравляли женщин и вручали подарки. Большие праздничные концерты были насыщены всевозможными конкурсами, призами, вручением грамот и сувениров. Билеты на такие вечера отдыха распределяли прямо на предприятиях и их количество зависело от количества работающих женщин. Широко было распространено выступление самодеятельных коллективов.

В современности 8 марта ассоциируется с приходом весны и празднованием женского начала. Женщины, как матери, как хранительницы семейного очага, женщины, как представительницы всего доброго и светлого, что есть в нашей жизни.

**Георгий ШАПОШНИКОВ,
студент кафедры журналистики**

АҚЫН АҚҰШТАП БАҚТЫГЕРЕЕВА: «МЕНИҢ ЖЫРЛАРЫМДА ӘЙЕЛДЕРГЕ АРНАЛҒАН, ҚАТЫП АЛҒАН СТАНДАРТ ЖОҚ»

Көктемнің шуақты мерекелерінің басын қосып жарыққа шыққан басылымның биылғы алғашқы санының қонағы - Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы мен «Құрмет» орденінің иегері, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Құрметті профессоры Ақұштап Бақтыгереева. «Жайықтың ақшасаласы» атанған ел анасы жыл сайын әйелдер мерекесі қарсаңында оқу орнындағы әйелдер қауымымен, соның ішінде университет жанынан құрылған «Қыз Жібек» қыздар клубының мүшелерімен кездесуді игі дәстүрге айналдырған. Сәті түскен кездесу кезінде ақын апайымызға бірнеше сұрақтар қойған едік.



– «Осал да болма, ойыңнан оңай адасқан, өжет те болма, орынсыз сөзге таласқан. Алдымен қызға керегі пәктік, адалдық, Одан соң, жаным, жаз мінез керек жарасқан».

Бұл сіздің «Сіңліме сыр» деген өлеңіңізден үзінді. Университет қабырғасында өткен биылғы кездесу де осы тақырып аясында өтті. Оқырман қауымның алдында жүрген бұл сөздер барлық қазақ әйелдеріне қатысты айтылды деп қабылдай аламыз ба?

– Бұл өзі ертеректе жазылған өлеңім еді, оның жалғасы:

Айтарым тағы, берік бол, сертке бір сөйле,
Сабырлы таудың мінезі керек күлсең де.
Қыз мінез деген – сұлулық сыры өмірдің,
Жұмбақтай қиын жатқандай болсын бір сенде.

Десек те біздер «жастықтың сырын аз ұқтың»,

Өмірдің жолы болмайды тегіс жазықтық.
Ісіңнен кейін есіңе сақта, жарқыным,
Жеңілмес мықты қаруың сенің – нәзіктік,
– деп келеді.

Мұндағы нәзіктік деп отырғаным – жан, жүрек, ана махаббатының нәзіктігі, тегінде әйел болмысы осыдан құралады. Дегенмен, кейінгі ұрпаққа нәзіктік деген осындай екен деп майысып, сызылып отыр деп айтпас едім, оның да қолданылатын орны болады. Бұлай деуіме себеп, қазір қыздар нәзіктіктен гөрі өжеттікті, бір кездегі біздер сияқты емес, ұяңдықтан гөрі еркіндікті таңдағандай көрінеді. Бұл да – бүгінгі ғасырдың әкеліп отырған сыйы. Дегенмен, мәдениеттегі, адам сыйлаудағы, тәрбиелеуде нәзіктік бәрібір әйелдің бойында қалғаны жөн. Менің жырларыма әйел заты үшін «сен мынадай болуың керек» деген қатып қалған стандарт жоқ, әр кезеңнің адамы әртүрлі, қазіргінің қолынан көп нәрсе келетін, өжет қыздары одан өзіне керегін ала билсе құба құп. Мен үшін ең бастысы – олардың ұлтын сүйгені, ұлт перзентіне ана болғаны дер едім.

– Бүгінге қоғамда әйелге артылатын салмақ көп сияқты, үйдің-түздің тірлігін бірдей атқарып, бәрінің көңілін тауып, бәріне үлгеруге тырысып жүрген нәзік жандарды көп байқаймын. Бұл пікірмен келіссіз бе?

– Қарап отырсаңыз, осы күні әйел бармаған сала жоқ. Бастапқыда трактор айдауға да қарсы болғанбыз. Қазір, шүкір, барлығы жетілдірілген, тетікпен басқарылады, енді техниканы ұршықша үйіретін қыз-келіншектер де көбейді. Әйелдер спорттың небір ауыр деген түрлерін де жаулап жатыр.

Бірақ, қоғамда әйелге жүк көп екені рас. Бұған дейінгі қиын кезеңдерде де әйел заты ерді ғана емес, елді де небір қиындықтан алып шығып келеді ғой. Қазір білім, медицинадан бөлек, сот жүйесінде, құқық саласында, барлық жерде әйелдің көптігі байқалады. Мүмкін, бұл да дамудың бір кезеңі болар деп топ-шылдаймын. Мұны әйел қауымының жетілгені дейміз ме, бәсекеге түсіп кеткені ме – білмеймін, білетінім – нәзік жандыларға қазіргі күні оңай емес. Бүгінде тек бесігін тербетіп, от басы, ошақ қасының тірлігімен отыратын әйел жоқ, мұның бастамасында біздер де, мен де тұрған болармын, жырымызбен қоғам жұмысына, дертін көрсетіп, емдеуге араластық. Енді отырып алып, қазақ әйелі өйтпей керек, бүйтпей керек дегеннен аулақпын, ғасыр тұтас қауымды өзінің жүгінен, талабымен оңсыз да есейтіп

келе жатыр. Мұндай кезде әйелдің осал болуға құқығы жоқ болар дейсің. Ал алдымызда қандай болашақ күтіп тұрғаны, әрі қарайғы адамның тағдыры – мен үшін жұмбақ.

– Дегенмен, «қырық жанды» әйелдің де шаршайтын кезі болады, ол күш-қуатын қалай сақтамақ керек?

– Жалпы, әйелге бақыт пен қуанышқа бөленіп жүру үшін көп нәрсенің қажеті жоқ. Меніңше, әйелдер басынан сипайтын аялақ алақан мен жылы қабаққа зәру ме деймін. Оларға арқа сүйейтін азамат, аздаған қамқорлық пен қорғаныш керек. Соның бәрін барлап отырып, ендігі жерде ер-азамат жарымен қай нәрседі де санасып, ақыл-ойда, саясатта, ғылымда, ілімде, үй тірлігінде тең қарап, көзқарасымен есептесу керек деп ойлаймын, себебі әйел, соның ішінде, қазақ әйелі дамып кетті, дамып барады. Ол күйеуінің асырап, ас-суын әкелгенін күтіп отырған жоқ бір кездегідей.

Бірақ, мәселенің екінші бір жағы, «жетілдің, қолыңнан келеді» деп бар жүкті әйелге итеріп тастаған да сияқтымыз, қарап отырсаң, ол отқа да, ошаққа да, үйге де, түзге де жауап береді. Көлікті те өзі айдайды, бұзылса жөндетеді. Тағы да айтқанымадай, бұл – ғасыр талабы, тағдырдың қашып құтыла алмайтын жазуы, бәлкім, отбасы осындай қалыпта түсінісіп, ортақ жол тауып, бақытты ғұмыр кешетін болар. Сөйте тұра мені қазіргі күні жастардың арасында ажырасудың көп екендігі қинайды. Осы ретте бізге әйел мен ер адам қалай қатар дамиды, оның алғышарттары қандай болмақ деген жайларды қарастыратын, ғылыми тұрғыдан ақыл-кеңес беріп, бағыттайтын зерттеулер, бәлкім, арнайы мекемелер керек болар?!

– Сіздің қатарыңыз жас күнде бас қосып, отау құрғаннан кейін пәтер жалдап, «бір басты екеу, екі малды төртеу» қыла жүріп тұрмыс қиыншылығын көрді, бала өсірді, ақырында бақуат тіршілікке жетті. Бүгінгі жас қыздардың басқаша ойлайтыны, яғни материалдық жағынан қамтамасыз етілген, «дайын» жігітке тұрмысқа шығуды қалайтыны байқалады. Осыған не айтасыз?

– Менің бұл жөнінде «махаббат деген сезім, есеппен тойға айналды» деп жазған өлеңдерім де бар. Нарық кезінде ардың орнында ақша сөйлейтін болды, сол айналып келгенде қоғамды бұзды. Қыз баланың ақшаға келгенде бар нәрседен аттап кететінін көзіміз көргені өкінішті. Қазір ақшалы азаматтың тоқалы болудан арланбайтындар бар, бұл қылығын «онда тұрған не бар» деп ақтап алғысы да келеді. Еркек төрт тоқалы барын мақтаныш ететін болар, сен «оның төртінші тоқалымын» деп қалай жүрмексің?! Мен мұндайды қолдамаймын да, қорғамаймын да, қабылдамаймын да, адамда намыс деген қасиет болуы керек. Шын сезім, махаббат, сыйластық, қимастық, адамды аялау, бағалау деген дүниелер жайына қалмауы тиіс, сатылған, есепке құрылған сезімде абырой жоқ, ол түптің түбінде өзіңе болмаса да, ұрпағыңа зиянын тигізуі мүмкін. Мен қыз-келіншектерге соны айтудан келемін, мұны маған

дейінгі бұрынғылар да айтқан, кітаптан да солай оқып өстік.

Әрине, бұрын да бәйбіше, тоқал болған еді, бірақ, ол кезде азаматтар соғыста баудай қырылып жатты, артында ұрпақ қалдыру үшін әйел үстіне әйел алды, басқа да тарихи себептер болды. Оның өзі жаппай сипат алған, бәрінің маңдайына жазылып қойылған дүние емес еді. Бәрібір де «екі қатын алғанның дауы үйінде» деген сөз қалды.

– Сіздіңше, біздің бойжеткендеріміз болашақ жарын қалай таңдауы керек?

– Азаматтың өтірік айтқанын әйелмін ғой деп кешіре берсе – өзін төмендеткені. Әйелдің өзінің теңдігін қорғайтын өзінің биіктігі, сол сияқты аласаратын орны болады, өзін таптатпай, қорлатпай, қалталы екен деп біреудің алдында төменшіктемей, қалпын сақтағаны жөн. Егер сені алдады ма, оны жүрегің кешіре алса кешір, кешіре алмасаң – өзіңді сақтап қал. Алдаған адамды кешіре беруге болмайды, бұл жерде тек ақыла салған дұрыс, мүмкін, ол кешіруге тұратын жан болар, қателесіп, жаңсақ басқан болар, бала үшін кешіруге болар. Жүрегіңмен сезін! Бастысы – қыз кезінен намысын сақтаған, өзінің орнын біліп, бағалата білген қыз түбінде жеңіске де, бақытқа да жетеді, азаматына өзін сыйлата да алады.

– Қазір облыстарда «Аналар үйлері» ашылған, ондағы аяғын жаңсақ басып, өмірге сәби әкелген қыздарға қарай отырып, қоғам, ата-ана қателік жасаған талшыбықтай ғана жандарға неге соншалықты қатал дейсің?

– Қазақта «ұятқа қалдырды, дақ салды» деген түсінік қашаннан бар ғой. Сөйте тұра «қызға қырық үйден тиям» дейтін ерте кезеңде де мұндай жағдайлар болатын, жастық қателіксіз бола ма?! Меніңше, балаң қателессе оның себебін баладан емес, өзіңнен іздеу керек. Ал бала өмірге келіп қалған екен, оны қуаға болмайды. Бәлкі, бұл маңдайға жазылғаны, әлде басқалай бір себеппен тағдырдың бергені болар, бәйкүна баланың сенде, сенің онда үлесің бар шығар. Баласы қате қадам басса оған әке-шеше де жауапты, мұндай жағдайда парасат пен сабырға жүгіну ләзім, өзіңе жеткен мейірімі балаңа да, оның баласына да жетісе керек.

– Шетелдікке шыққан қазақ қызына көзқарасыңыз қандай?

– Бұған көзіміз үйреніп те келеді өзі. Менікін ескілік деп қарайтындар табылар, бірақ шетелге кеткен қыз қазаққа бала, ел, ұлт, жер тағдырына үлес қоспайды, өзі үшін өмір сүреді деп білемін.

– Ал ниһаб, пәренже жамылып жүрген қарақоздерімізге не айтар едіңіз?

– Біздің сақ, ғұн деп келе жатқан ұлы даламыздың тарихында қара жамылу деген жоқ еді, жаман ырым саналышы еді. Біреудің қара жамылғанын көргенде үлкендердің «не болды, біреу өліп қалды ма» деп жекігенін көріп өстік. Құдай өзі кешірсін, кейде ауру, бәле-жала көбейгендей көрінсе, солар шақырғандай көріп көңіліме алып та қаламын. Қазақ «ақ орамал тағып, ақ тілек тіле» деуші еді ғой! Біздің қыздарымыз көмшат, үкілі бөрік киген, біз білгенде керек кезінде аттың

үстінде ойнап, барымтадағы малын да іздеп тауып, айдап келген, азаматына сүйеу болған. Тұмар, Сүйінбике сынды аруларымыз болған. Қазаққа жат киімді киіп алатын жат үрдіске жастардың тарихтан хабардар болмауы, жалған діни ұғымның жетегінде кетуі әсер етті ме деймін. Ақша себепкер деген болжамым да жоқ емес. Осы уақытқа дейін теріс жолмен кетіп бара жатқанын байқап, түсіндіріп, бетін бері қайтарып, қатарға қосқан жекелеген қыз-жігіттер болды, бірақ, жат үрдіске кеткендерді жаппай кері қайтару қиын болып тұр-ау.

– Биылғы болған оң жаңалық, елдің батыс өңіріндегі әуежайларға батыр қыздардың есімдері берілді. Хиуаз Доспанованың атын иеленген Атырау әуежайының қатарына Әлия Молдағұлова атындағы Ақтөбе, Мәншүк Мәметова атындағы Орал әуежайлары қосылды. Десек те, бүгін студенттермен кездесуде «еленбей қалып жүрген әйелдердің» бар екенін айтып, қамықтыңыз. Кімдерді мегзедіңіз?

– Олардың ішінде, мәселен, 1903 жылы Батыс Қазақстан облысы Сырым (бұрынғы Жымпиты) ауданында дүниеге келген Шахзада Аронқызы Шонанова (Қаратаева) бар. Ата-бабалары ел билеген билеуші, хан, сұлтан болған, арғы атасы Әбілқайыр хан – ірі қолбасшы, Кіші жүз ханы. 1937 жылы алғашқылардың қатарында «халы жауы» деп атылады.

Одан бөлек, біз көре қалған Роза Бағланованың биыл 100 жылдығы аталып өтіп жатыр, бірақ, ол кісіге сай дегендей, тиісті дәрежесінде өтіп жатқан жоқ деп санаймын. Осындай кезде Ұлы Отан соғысы кезінде қан майданда, окопта жүріп өнер көрсеткен, өнерін әлем бағалаған Розаның өңдерін неге жер-жерден беріп, тыңдап отырмаймыз?

Сол сияқты атақты биші Шара Жиенқұлова да ескерілмей қалып жатыр, ой-бой, Шара сахнаға билегенде буыны жоқтай көрінуші еді, шіркін! Бүгінде қарап отырсаң, марқұмның тұтынған заттары, бұйымдары да жоқ, мұрасын түгендеуіміз керек ғой. Бірнеше күйші қыздардың есімдері айтылмай жүр, соның ішінде Соқыр Есжанмен айтысқан Ақбикеш те бар.

Мұндай ахуалға насихаттың аздығы мен тарихқа деген салғырттығымызды кінәлаймын. Оған қоса, бас балалардың кітапты, тарихты аз оқитыны, тіпті, оқымайтын болғаны алаңдатып жүр. Бұл аздай, осы күн кім болса қалай болса солай кітап шығарып, ұрпақты шатастырып жіберді.

Біз рухани кедей адам алысқа бармайтынын түйсінуіміз керек, ол – ұлт үшін қасірет! Ағылшын премьер-министрі Черчилль соғыс кезінде мемлекеттен бөлінетін қаражаттың қайда жұмсалатынын әкелген ғой. Мәдениет саласына қаржы бөлінбепті. «Мәдениетпен соғыстан кейін айналысамыз» дегенде, Черчилль «Сонда біз не үшін соғысып жатырмыз?» деген.

– Сүбелі сұхбатыңызға рахмет, сөз соңында Сізден әңгімеміздің нүктесін қоятын жыр шашу сұраймыз.

– Онда «Болашақ бойжеткендермен сырласу» деген өлеңімді тыңдаңыздар.

Іштеріңнен шығады жаңа дарын,
Бізден биік болады саналарың.
Бізден бөлек болады ғасырың да,
Бізден бөлек болады модаларың.
Соғыс салған жараны көрмейсіңдер,
Жоқтық, аштық дегенге көнбейсіңдер.
Біздің ұрпақ әкесін жау өлтірген
Деген, сірә, «ерткек» сенбейсіңдер.
Бізден басқа ырғақта ән айтасыңдар,
Басқаша әуен аспыбан тартасыңдар.
Біздер тамақ пісірген қазандарды
Тамашалап музейден қайтасыңдар.
Бірақ, бірақ...
Өзгертпес гүл өскенін,
Тоқтаптайды тіршілік күрестерін.
Адамзаттың ұрпағын тәрбиелеу
Бар ғасырдан алатын үлестерің.
Бәлкім, бізден еркіндеу өресіңдер,
(Бізге жұмбақ, не киіп, не ішесіңдер).
Қуанышың, қайғысың махаббаттың
Дәл біздерше сендер де кешесіңдер.
Мейлің, түрлі түспенен шашты боя,
Алуан тілде айтылар жастық Ода.
Білетінім: Отаның, Халқың сүю,
Болу қажет қашан да басты мода!

«Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз».

Қасым-Жомарт Тоқаев, ҚР президенті

Жаңа айдар! «Балаң жақсы болса бақытың» дейді. Биылғы «Балалар жылына» орай басылым бетінде университетіміздің ғылым оқытушыларының жетістікке жетіп, өнер-білімімен танылып жүрген зерделі, талантты, талапшыл мектеп жасындағы ұл-қыздарын әр санымызда беріп отырмақпыз. Балаларымызбен бірге мақтанаық!

АТЫНА ЗАТЫ САЙ ЗЕРЕК

Зерек Аққалиқызы Кабижан 4 жасынан көркем гимнастикаға барды. Гимнастика мен теледидардағы аталған спорт түрімен өздігінен танысып, алғашқы жаттығуларын теледидардан үйренген. Өзі ата-анасына гимнастика үйірмесіне барғысы келетіндігін айтқанда, олар қарсылық білдірмей, «Атырау» спорт шебері Арай Қайратқызына тапсырады. Жаттықтырушы жас сәбидің өздігінен гимнастикадағы ең қиын жаттығу түрі – шпагатқа отырғанына риза болып, сол күні-ақ тобына қосып алады.

Көп ұзамай Зерек алғашқы жетістіктермен көзге түсті. Ақтау, Орал, Ақтөбе, Алматы қалаларынан балғын гимнастылар қатысқан «Каспий жұлдызшылары» атты Атырау облысы бойынша өткізілген ашық чемпионатында бірінші, көркем гимнастикадан «Алтын

құз» облыстық жарыста екінші орын алды. 2019 жылы Атырау облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы өткізген көркем гимнастикадан «Каспий жұлдызшылары» атты Атырау облысының ашық чемпионатында ұпайлар санымен I орынды иеленді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған облыстық ашық чемпионатында жүлделі I орынға ие болды. Балғын гимнаст 2021 жылдың маусым айында Алматы қаласында өткен «Меңсұлу» атты көркем гимнастика ашық чемпионатында жеке және топтық көрсеткіштер бойынша II орын, жекелей жарыста II орын алса, желтоқсан айында Нұр-Сұлтан қаласында өткен «IZUMRUD» атты көркем гимнастикадан ашық чемпионатта жеңіс тұғырынан көрініп, I орын алды. Бар сұлулықты жинақтаған спорт түрі саналатын көркем гимнастиканы бағындырған Зерекке биік белестер тілейміз!



Балалар жылына ат салысайық!

2022 жылды Мемлекет басшысы «Балалар жылы» деп жариялап, оны ұрандап немесе мереке түрінде атап өтпей, балалардың денсаулығын сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғалуы мақсатында жұмыстар жасалуы керектігін атап өтті. Осыған орай, мен Досмұхамедов университетіндегі Балалар жылына бағытталған жұмыстарды және жалпы университеттің жастарымызға, балаларға мақсатты шараларын айтып өтпекпін.

Біріншіден, «Балалар Университеті» – «Kids university» жобасы. Бұл Досмұхамедов университетінде 2017 жылдан бастап қолға алынған өңірдегі бірегей және ерте бастан кәсіби бағыттауға, білім алуға қызығушылықты арттыруға, ғылымға баулуға ықпал ететін маңызды жоба.

Бұған дейін біздің «Балалар Университетінде» күзгі, қысқы, жазғы маусымдар ұйымдастырылып келді. Биылғы жылы да бұл жалғасады. Біздің оқытушылар, тренерлер өте пайдалы әрі қызық бағдарламалар ұсынатын болады. Бағдарлама демалыс күндері және каникул уақытында дәрістер, воркшоптар, жалпы дамыту сабақтарын, экскурсияларды, арт-сессияларды қарастырады. Оған 7 жастан 16 жасқа дейінгі мектеп оқушылары қатыса алады.

Екіншіден, талантты жастарды қолдау. Біздің университетте дарынды жастарды қолдаудың бірнеше механизмі қарастырылған. Мысалы, «Алтын белгі» иегерлеріне гранттар, оқу ақысына жеңілдіктер бар.

Университетте 2012 жылдан бастап пәндік олимпиада өтеді. Осы олимпиада жеңімпаздарына гранттар және 10-50 пайыздық жеңілдіктер беріліп отыр. Сонымен қатар, республикалық пәндік олимпиада, ғылыми жоба жеңімпаздарына да университет гранттары бар. Биыл университет атынан осындай 10 грант тағайындауға ұсыныс берілді.

Үшіншіден, «ОҚУ» жобасы, «Сана» кітап клубы жобалары. Мақсаты – кітап оқу мәдениетін қалыптастыру.

Қазір Досмұхамедов университетінде өңіріміздегі белсенді Амандық Есқалимен бірлесе «Білгенге маржан» кітап оқу сайты басталды. Осы жобаны атыраулық кәсіпкер Мурат Сарманов ағамыз қолдап, мектеп оқушылары арасында да өткізуде. Жеңімпаздарға қомақты сыйақылар берілімек.

Жақында ҚР білім және ғылым вице-министрі Бибігүл Амангелдіқызы Асыллова «Балалар жылына» байланысты елімізде атқарылатын іс-шаралар жобасымен таныстырып, нақты тапсырмалар беріп, оған өңірлік жоғары оқу орындарының да араласуын баса айтқан болатын. Досмұхамедов университеті де бұл шаралардан тыс қалмайтынын айтқым келеді. Балалар жылына арналған жұмыстар әлі де жалғаса бермек. Оларды өз кезегінде жазатын боламын. Егер ұсыныстарыңыз болса, тыңдауға дайынбыз.

СЛАВАМЕН МАҚТАНАМЫЗ!



Атыраулық мақтаулы оқушылардың қатарында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті медиаорталығының маманы Павел Тулин мен «Прикаспийская коммуна» газетінің шолушысы Надежда Тулинаның ұлдары, Әлия Молдағұлова атындағы №22 мектептің 6 сынып оқушысы Вячеслав та бар. Спорттың үстел теннисі түрінен түрлі деңгейдегі жетістіктерге жетіп, аймақтың абыройын асырып жүрген Слава биыл тағы бір қырынан көзге түсті. Оның «Автомобиль және қаладағы қоршаған орта» тақырыбындағы ғылыми жобасы «Зерде» жарысының қалалық, одан кейінгі облыстық кезеңдерінен жүлделі орын алып, жоғары бағаланды. Айта кетейік, жоба жетекшісі – біздің университетінің экология

кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты Мәнсия Есенманова.

«Байқау балалардың интеллектуалдық-шығармашылық қабілетін дамытып, зерттеу машықтарына үйретеді. Оқушылар ғылыми жобаларымен жыл бойына айналысты. Олармен бізге біз де көп жайға қанығып, біліп отырдық. Мәселен, Слава Тулин келтірген мысал арқылы ауа таза болуы үшін магистралды көшенің тек бір жақ бетінде жүзге тарта тал егу керектігін білдік», – дейді оның ұстазы және жетекшісі Маргарита Закарьяева.

Көліктердің қаланың экологиялық ахуалына тигізетін әсері жөніндегі ғылыми негізделген оқушы еңбегі тұрғындар үшін өзекті екендігімен де көзге түскенін айта кеткен жөн.

«МЕН БАҚЫТТЫ АНАМЫН, МЕН БАҚЫТТЫ БАЛАМЫН»

Атырау университеті КеАқ дарынды балаларға арналған «Ұстаз» мектебінде «Мен бақытты Анамын, мен бақытты Баламын» атты ерекше байқау өткізілді. Оның ерекшелігі – аудандардан келіп білім алып жатқан оқушылар мен оқытушылардың білімі мен қабілетімен қатар, актерлік шеберліктерінің де сынға түскенінде болса керек. Себебі, олар байқауда шартты түрде анасы мен баласының рөлдерін ойнап, алып шықты.

«Балалар мен аналардың» бір-бірін табуы да қызық, оқушылар апайларын жеребе арқылы анықтап, портреттерін салған. Бұдан бөлек, қатысушылар бірге қолөнер бұйымдарын жасау, өнер көрсету турлары бойынша да сынға түседі. Қызықты шара соңында «Ұстаз» мектебінің директоры Сәнім Уапқызы «шебер ана», бала рөліндегі оқушы Қуаныш Бексұлтан «қарапайым бала»; психолог Анар Жұматқызы «мейірімді ана», оқушы Аманжан Өтеғали «арманшыл бала»; математика пәнінің мұғалімі Гүлшара Дайынқызы «ақылды ана», оқушы Мағжан Есенжан «еңбекқор бала»; тәрбиеші Мейрамгүл



Бисенғалиқызы «парасатты ана», оқушы Дархан Қарасаев «ақылды бала»; ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ақерке

Асқарқызы «өнерлі ана», оқушы Жомарт Диас «талантты бала» номинацияларына ие болды.

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:

Қ.Қуатова – Редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы
А. Ғинаятұлы – фотограф
«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай

Н.Жаңбырбай
А.Өтемісқызы
А.Сәлімгерейқызы
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 10 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #1446 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана